

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1386 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

Жоба

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*С. Ахметов*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009

ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1 ) м а з м ұ н ы н д а :

мынадай мазмұндағы 446-2-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«446-2-бап. Тасымалдауда үзіліс, кідіріс болған, әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейсті ұшырмай тастаған, тасымалдау маршруты өзгертілген кезде тасымалдаушының жолаушының алдында қызмет көрсету бойынша міндеттерін о р ы н д а м а у ы » ;

447-2-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«447-2-бап. Халықаралық қатынаста Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін қолдану ережелерін бұзу»;

мынадай мазмұндағы 447-6-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«447-6-бап. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдарды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының аумағында пункттер арасында жолаушыларды т а с ы м а л д а у » ;

450, 453, 454 және 458-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«450-бап. Теңіз және өзен көлігі кемелерінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін бұзу»;

«453-бап. Кемелердің жүзу ережелерін, сондай-ақ шағын көлемді кемелерді п а й д а л а н у е р е ж е л е р і н б ұ з у

454-бап. Кеме жүргізушінің немесе өзге де адамның мас күйде кемеңі, соның ішінде шағын көлемді кемеңі б а с қ а р у ы » ;

«458-бап. Кемелерді, соның ішінде шағын көлемді кемелерді тіркеу ережелерін, сондай-ақ кемелерді жасау, техникалық пайдалану ережелерін бұзу»;

мынадай мазмұндағы 458-1, 458-2 және 460-1-баптардың тақырыптарымен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«458-1-бап. Порттағы құрылыстарды және теңіз порты акваториясын техникалық п а й д а л а н у е р е ж е л е р і н б ұ з у ;

458-2-бап. Кемелердегі, соның ішінде шағын көлемді кемелердегі авариялық

жағдайларды және көлік оқиғаларын тергеу ережелерін бұзу»; «460-1-бап. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бұзу»;

629-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«629-бап. Көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетуге және мас күйін куәландыру»;

2) 439-бап мынадай мазмұнда жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктермен толықтырылсын:

«7. Мүкәммал есебінен алып тастау дәрежесіне дейін темір жол жылжымалы құрамының зақымдануы нәтижесінде темір жол көлігінде қауіпсіздік ережелерін бұзу,

— шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға — жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Жылжымалы құрамды ағытуға және жөндеуге беру қажет болатын көлемде зақымдауға жол беру нәтижесінде темір жол көлігінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, — шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға — жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Тасымалдау процесіне қатысушылардың уәкілетті органға темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережелерде белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының темір жолдарында қауіпсіздік ережелерін бұзушылық туралы ақпарат ұсынбау, — лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 446-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«446-бап. Әуе кемесіндегі мінез-құлық ережесін бұзу

1. Әуе кемесіндегі адамның кеме командирінің өкімін орындамауы, егер оның әрекеті ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірмесе, — ескерту жасауға немесе екіге дейінгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ұшу кезінде әуе кемесінің бортында ұялы байланыс қызметтерін пайдалану — ескерту жасауға немесе бірге дейінгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) қайталап жасау, — он есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) мынадай мазмұндағы 446-2-баппен толықтырылсын:  
«446-2-бап. Тасымалдауда үзіліс, кідіріс болған, әуе кемесінің

кеш келуі салдарынан рейсті ұшырмай тастаған,  
тасымалдау маршруты өзгертілген кезде  
тасымалдаушының жолаушылар алдында қызмет көрсету  
бойынша міндеттерін орындамауы

1. Тасымалдаушының кінәсінен тасымалдауда кідіріс немесе әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейсті ұшырмай тастаған, тасымалдау маршруты өзгертілген кезде жолаушылар алдында қызмет көрсету бойынша Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тасымалдаушының орындамауы не тиісінше о р ы н д а м а у ы , –

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекетті (әрекетсіздікті) қайталап жасау, –  
мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) 447-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«447-2-бап. Халықаралық қатынаста Қазақстан Республикасында  
автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін  
қолдану ережелерін бұзу

1. Шетелдіктердің немесе шетел заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының аумағында автомобильмен халықаралық тасымалдауды Автомобиль көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда рұқсатсыз немесе арнайы рұқсатсыз жүзеге асыруы, –  
автокөлік құралдарының жүргізушілеріне – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Отандық тасымалдаушының осы отандық тасымалдаушының рұқсат карточкасында көрсетілмеген автокөлік құралына берілген шетелдік рұқсатты п а й д а л а н у ы , –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық т а с ы м а л д а у ш ы ғ а б е р у і , –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдау кезінде

жүргізушінің келісілген жол маршрутының схемасын бұзуы, –  
он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

6) 447-4-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінгендерді қоспағанда,  
Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында шет  
мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды, багажды  
немесе жүктерді тасымалдау, –»;

7) мынадай мазмұндағы 447-6-баппен толықтырылсын:

«447-6-бап. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдарды жүзеге  
асырған кезде Қазақстан Республикасының аумағындағы  
пункттер арасында жолаушыларды тасымалдау

1. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдарды жүзеге асырған кезде Қазақстан  
Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды тасымалдау үшін  
жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру, –  
жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдарды жүзеге асырған кезде Қазақстан  
Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушыларды автокөлік  
құралдарымен тасымалдау, –  
отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы баптың бірінші және  
екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қайталап жасау, –  
елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

8) 448-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теңіз көлігінде кемелердің маневр жасау және қозғалуының белгіленген тәртібін  
бұзу, нұсқамалы жүзу жылдамдығын, жарық және дыбыс сигналдарын беру, кеме  
жарықтары мен белгілерін алып жүру талаптарын сақтамау, тыйым салынған жерлерде  
кемені әдейі тоқтату немесе тұрғызып қою, кемені тіркеп сүйреу тәртібін бұзу,  
сондай-ақ диспетчердің міндетті талаптарын орындамау, –»;

9) 450-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«450-бап. Теңіз және өзен көлігі кемелерінде жолаушылардың  
қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін бұзу

Құтқару және авариялық құралдар мен жабдықтардың болмауы, толық  
жасақталмауы немесе оларды қуәландыру мерзімінің өтуімен пайдалану, теңіз және  
өзен көлігі кемелеріндегі түскіштер мен басқыштарды жабдықтау жөніндегі  
талаптарын бұзу, –

жеке тұлғаларға – жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік  
субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері  
болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл  
салуға әкеп соғады.»;

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«лауазымды адамдарға он бес мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту: Осы Кодекстің 451-454, 457, 458, 458-2-баптарында шағын көлемдегі кемелер деп балық аулаушылыққа, жүктерді тасымалдау, сүйрету, пайдалы қазбаларды іздеуді жүргізу, барлау мен өндіру, құрылыс, жол, гидротехникалық және өзге де ұқсас жұмыстар, лоцмандық және мұзжарғышпен алып өту, сондай-ақ су объектілерін ластану мен қоқыстанудан қорғау бойынша іс-шараларды жүргізуге салынған немесе жабдықталғандарды қоспағанда, ұзындығы 20 метрден аспайтын, бортында рұқсат етілген адам саны 12 адамнан аспайтын кемені түсіну керек.»;

11) 452, 453 және 454-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«452-бап. Кемелерді пайдалану қағидаларын, сондай-ақ кемені басқару құқығы жоқ адамның басқаруы

1. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе техникалық байқаудан (куэландырудан) өтпеген, немесе бортында нөмірлері мен белгілері жоқ, немесе тиісті рұқсаты жоқ қайта жабдықталған, немесе ақауы болғандықтан оны пайдалануға тыйым салынған, немесе жүк тиеу қағидаларын, жолаушылар сыйымдылығы нормаларын, жүзу ауданы мен шарттары жөніндегі шектеулерді бұза отырып кемені (соның ішінде шағын кемені) басқару,

ескерту жасауға немесе беске дейінгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кеме басқару құқығы жоқ, қолында кемені жүргізу құқығын растайтын құжаты жоқ адамның сол кемені (соның ішінде шағын кемені) басқаруы, немесе басқару құқығы жоқ адамға сондай кемені басқаруды беру, – үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі жоқ адамның жолаушы кемесін басқаруы, –

бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Кемені (соның ішінде шағын көлемді) кеме құжаттары болмаған кезде, сондай-ақ

кеме құжаттарына қойылатын талаптарды бұзумен басқару, –  
бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Кемені (соның ішінде шағын көлемді) көрнеу жалған немесе жасанды тіркеу борт нөмірлермен және белгілермен басқару, –  
жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Кемеге (соның ішінде шағын көлемді) көрнеу жалған немесе жасанды тіркеу борт нөмірлері мен белгілерін салу, –  
жеке және лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

453-бап. Кемелердің жүзу ережелерін, сондай-ақ шағын көлемді кемелерді пайдалану ережелерін бұзу

1. Өзен көлігі кемелерінің кеме жүргізушілерінің кемелер қозғалысының, дыбыстық және жарық сигналдарын берудің, борт жарықтары мен белгілерін алып жүрудің белгіленген тәртібін бұзуы, –

жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің үш айлық, лауазымды тұлғаларға бес айлық мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шағын көлемді кеме жүргізушілерінің белгіленген жылдамдықты арттырып жіберуі, навигациялық белгілер талаптарын сақтамауы, тыйым салынған жерлерде кемені әдейі тоқтатуы немесе тұрғызып қоюы, гидротехникалық құрылыстарды немесе техникалық құралдарды және кеме жүргізу мен навигациялық жағдайдың белгілерін бүлдіруі, маневр жасау, дыбыс сигналдарын беру, борт жарықтары мен белгілерін алып жүру ережелерін бұзу, –

ескерту жасауға немесе екіге дейінгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға немесе шағын көлемді кемені басқару құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыруға әкеп соғады.

3. Кеме жүргізушілердің өзен көлігі кемелерін орналастыру және тұраққа қоюдың белгіленген тәртібін бұзуы –

ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Шағын көлемді кеме жүргізушілерінің кеме билетінде көрсетілген жинақталу және кеме жабдықтары нормаларын бұзуы, жабдықталмаған навигациялық сигналдық оттармен тәуліктің қараңғы кезеңінде жүзуге шығуы, жағалар мен басқа ұйымдастырылған орындарда суға түсу шекарасының қоршауына елу метрге дейін жақындауы –

ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

454-бап. Кеме жүргізушінің немесе өзге де адамның кемені, соның

ішінде шағын көлемді кемені мас күйінде басқаруы

1. Кеме жүргізушінің кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйінде басқаруы, сондай-ақ сондай кемені алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйіндегі кеме жүргізушінің б а с қ а р у ы н а б е р у , –

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

2. Авариялық жағдайларды жасауға қатер төндірген сол іс-әрекеттер, – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе үш жылға дейінгі мерзімге кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Кеме жүргізушілерінің белгіленген тәртіпке сәйкес алкогольмен, есірткімен және уытқұмарлықпен масаю күйіне куәландырудан өтуден жалтаруы, – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бір жылға дейінгі мерзімге кемені басқару құқығынан айыруға әкеп соғады

4. Кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені алкогольмен, есірткімен немесе уытқұмарлықпен масаю күйіндегі адамдарға басқаруға рұқсат беру, – жеке тұлғаларға – он бес айлық, кемені пайдалануға жауапты лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

12) 456 және 457-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«456-бап. Өзен порттары мен кемежайларда жүктерді тиеу, түсіру және қоймада ұстау ережелерін бұзу

Өзен порттары мен кемежайларда жүктерді тиеу, түсіру және қоймада жинаудың техникалық шарттарын, кемеде жүктерді бекітудің техникалық шарттарын бұзу, жүк тиеу (жүк түсіру) актісін ресімдемеу, – екіге дейінгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

457-бап. Шағын көлемді кемелер тұруға арналған базаларда (құрылыстарда) пайдалану ережелерін бұзу

1. Шағын көлемді кемелер тұруға арналған базаларда (құрылыстарда) шағын көлемді кемелердің орналасу нормаларын, базаларды (құрылыстарды) пайдалану қауіпсіздігіне арналған шарттар мен техникалық талаптарды бұзу, сол сияқты көрсетілген базаларда (құрылыстарда) белгіленген тәртіппен тіркелмеген шағын көлемді кемелерді күтіп-ұстау, –

жеке тұлғаларға және лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шағын көлемді кемелердің жүзуге шығуына және базаға қайтуына белгіленген бақылау режимін сақтамау, –



ескерту жасауға немесе жеке және лауазымды тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

13) 458-баптың тақырыбы және бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«458-бап. Кемелерді, соның ішінде шағын көлемді кемелерді тіркеу ережелерін, сондай-ақ кемелерді жасау, техникалық пайдалану ережелерін бұзу

1. Кемелерді, соның ішінде шағын көлемді кемелерді тіркеу мен есептеу ережелерін бұзу,

жеке тұлғаларға – он, лауазымды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

16) мынадай мазмұндағы 458-1 және 458-2-баптармен толықтырылсын:

«458-1-бап. Порттағы құрылыстарды және теңіз порты акваториясын техникалық пайдалану ережелерін бұзу

Порттың құрылыстарын тұрақты және кезеңдік техникалық байқаулардан өткізу мерзімдерін бұзу немесе сақтамау, айлақтық құрылыстың арқандап байлау және кері итергіш құрылғыларының жарамсыз жай-күйде болуы немесе өздерінің сипаттамалары бойынша сәйкес келмеуі, сондай-ақ порт құрылыстарын техникалық байқау журналының және теңіз порты паспортының болмауы, – лауазымды тұлғаларға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

458-2-бап. Кемелердегі, соның ішінде шағын көлемді кемелердегі авариялық жағдайларды және көлік оқиғаларын тергеу ережелерін бұзу

1. Кеме капитанының, кеме иесінің, гидротехникалық құрылыстың лауазымды тұлғасының көліктік бақылау органдарына теңіз көлігі кемесіндегі авариялық жағдай туралы, өзен көлігі кемесіндегі көлік оқиғасы туралы ақпаратты ұсынбауы, –

жеке және лауазымды тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кеме жүргізушінің немесе кеме иесінің көліктік бақылау органдарына шағын көлемді кемедегі көлік оқиғасы туралы ақпаратты ұсынбауы, –

жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Авариялық жағдайды немесе көлік оқиғасын тергеуді жүргізетін органның не лауазымды тұлғаның сұрау салуы бойынша тергеу жүргізу үшін қажетті

материалдарды, анықтамаларды, түсіндірмелерді, кеме құжаттарынан көшірмелерді не басқа ақпаратты ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы, – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

15) мынадай мазмұндағы 460-1-баппен толықтырылсын:

«460-1-бап. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бұзу

1. Көлік объектілерінде көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бұзу – жеке және лауазымды адамдарға он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) қайталап жасау, – жеке және лауазымды адамдарға жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы . » ;

16) 461-баптың 6-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Тұрақты немесе тұрақты емес жолаушылардың, багаждың автомобиль тасымалдарын, сондай-ақ жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде рейс алды (ауысым алды) техникалық байқаудан өтпеген автокөлік құралдарын пайдалануға шығару, сондай-ақ рейс алды (ауысым алды) медициналық байқаудан өтпеген жүргізушіні басқаруға жіберу, –

дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

1 7 ) 4 6 3 - б а п т а :

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының арнайы рұқсатсыз, соның ішінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану арқылы көрсетусіз жүру, –

жеке тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге – екі жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

мынадай редакциядағы 3-1-бөлігімен толықтырылсын:

«3-1. Арнайы рұқсатта көрсетілген параметрлердің бірін асыра отырып, не

маршруттан немесе мерзімнен ауытқу арқылы, сондай-ақ еріп жүретін және тасалайтын автомобиль болмаған жағдайда ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүруі, —

жеке тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге – жүз, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

18) 543 - бапта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі істер органдары осы Кодекстің 131, 144, 160 (бірінші және екінші бөліктерінде), 163-1, 175 (екінші бөлігінде) (көлік құралдарының иелері, автомобиль көлігімен және қалалық электр көлігімен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 247, 277, 281-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 311, 330-1 (бірінші бөлігінде), 328-1, 333, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-2 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-3 (бірінші бөлігінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 341 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде), 357-7 (бірінші бөлігінде), 364, 369 (бірінші бөлігінде), 370 (бірінші бөлігінде), 371 (бірінші бөлігінде), 377, 378, 379, 380 (бірінші бөлігінде), 380-1, 387, 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 439 (бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 440, 441, 443 (төртінші бөлігінде), 446 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші бөліктерінде), 459, 461 (бірінші-үшінші, төртінші-сегізінші бөліктерінде), 461-1, 462, 463 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 463-1, 463-2, 463-3 (бірінші-төртінші бөліктерінде), 463-8, 464, 464-1 (үшінші бөлігінде), 465 (бірінші бөлігінде), 466 (бірінші бөлігінде), 468 (үшінші бөлігінде), 470, 471 (бірінші бөлігінде), 472, 473 (бірінші және екінші бөліктерінде), 474-476, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 478, 479 (темір жол көлігінде жасалған құқық бұзушылық бөлігінде), 480, 481 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 482, 485-487, 490, 500 (бірінші бөлігінде) – баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.» ;

екінші бөліктің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Кодекстің 131, 160 (бірінші және екінші бөліктерінде), 163-1, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 311, 330-1 (бірінші бөлігінде), 333, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 377, 380 (бірінші бөлігінде), 389, 390 (бірінші бөлігінде), 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде), 395, 396 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 490-баптарында көзделген әкімшілік

құқық бұзушылықтар үшін, - ішкі істер органдары қалалық, аудандық бөлімшелерінің б а с т ы қ т а р ы ;

3) осы Кодекстің 163-1, 298 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 330-1 (бірінші бөлігінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-4 (бірінші бөлігінде), 338 (екінші бөлігінде), 389 , 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші бөлігінде), 392, 396 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 439 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші бөліктерінде), 440, 441, 446 ( бірінші, екінші, үшінші, төртінші бөліктерінде), 459, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479 (темір жол көлігінде жасалған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 480, 485 (бірінші бөлігінде) – баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, - ішкі істер органдары жол бөлімшелерінің, жол пункттерінің бастықтары;»;

19) 547-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 175 (екінші бөлігіне) (әуе көлігімен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 443 (осы баптың бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген азаматтық авиацияға жатпайтын әуеайлақтарда немесе осындай әуеайлақтар аудандарында жасалған бұзушылықтар туралы істерді қоспағанда, бесінші бөлігінде), 444, 446 (бірінші бөлігінде), 446-2, 447 (бірінші бөлігінде), 459, 460, 479 (әуе көлігінде бұзушылықтар жасағаны үшін), 480 (екінші бөлігінде), 482-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.»;

20) 548-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«548-бап. Көліктік бақылау органдары

1. Көлік бақылау органдары осы Кодекстің 246 (бірінші бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде), 439, 440, 440-1, 441, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 447-5, 447-6, 448, 449, 450, 451, 452, 453 (бірінші, үшінші, төртінші, бөліктерінде), 454 (төртінші бөлігінде), 455, 456, 457, 458, 458-1, 458-2, 459, 460 (әуе кемелеріндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 460-1, 461 (6-1 бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу болып табылатын кезде, екінші , үшінші және 3-1-бөліктерінде), 467-1, 473-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479-480 (әуе көлігі кемелеріндегі және темір жол көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 480-1, 481, 483, 486 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Көлік бақылау органдары атынан әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

осы Кодекстің көлік бақылау органдарының қарауына жатқызылған барлық баптары бойынша - көлік бақылау органының басшысы мен оның орынбасарлары, аумақтық көлік бақылау органдарының бастықтары мен олардың орынбасарлары;

осы Кодекстің 247, 357-2 (бірінші бөлігінде), 440, 440-1, 441, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 447-5, 452, 454 (төртінші бөліктерінде), 455, 456, 459-460 (әуе кемелеріндегі

бұзушылықтарды қоспағанда), 460-1, 461 (6-1 бөлігінде), 463 (бірінші бөлігінде, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу болып табылатын кезде, екінші, үшінші және 3-1-бөліктерінде), 467-1, 473-1, 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479-480 (әуе көлігі кемелеріндегі және темір жол көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 480-1, 481, 483, 486 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша — көліктік бақылау органдарының осыған уәкілетті лауазымды адамдары құқылы.

3. Осы баптың екінші бөлігінің үшінші абзацында көрсетілген лауазымды адамдар салатын айыппұл мөлшері қырық айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.»;

21) 555-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кеден органдары осы тармақта аталған әкімшілік құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде жасалса, осы Кодекстің 175 (екінші бөлігіндегі), 220, 240 (бірінші бөлігіндегі), 247, 294 (бірінші бөлігіндегі), 323 (бірінші бөлігіндегі), 447 (екінші және үшінші бөліктеріндегі), 447-2, 447-3, 460 (автомобиль көлігіндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша), 461 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, 6-1, сегізінші бөліктеріндегі), 463 (екінші, үшінші және 3-1 бөліктеріндегі), 467-1, 470 (үшінші бөлігіндегі), 477 (төртінші бөлігіндегі) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.»;

22) 629-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«629-бап. Көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетуге және мас күйін

к у ә л а н д ы р у

1. Көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені жүргізетін жүргізуші, кеме жүргізуші, ол мас күйде деуге жеткілікті негіздер болса, көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетіліп, мас күйін куәландыруға ж а т а д ы .

2. Көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетуді , мас күйін медициналық емес куәландыруды және медициналық куәландыруға жіберуді, тиісінше, жол полициясы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және көлік бақылау органдарының көлік құралын жүргізуші адам құқық бұзушылық жасаған кезде - әскери автомобиль полициясының лауазымды адамдары жүргізеді.

Жол полициясының лауазымды адамдарымен қатар мас күйде деуге жеткілікті негіздер бар жүргізушіні көлік құралын жүргізуден шеттетуге полицияның учаскелік инспекторларының, одан басқа, бұл жағдайда тәртіп бұзушылық фактісін құжатпен бекітуге және жүргізуші мен көлік құралын таяу жердегі ішкі істер органына жеткізу жөнінде шаралар қолдануға міндетті ішкі істер органдарының басқа да қ ы з м е т к е р л е р і н і ң құ қ ы ғы бар .

3. Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін

ресімдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі. Жүргізуші, кеме жүргізуші куәландыру нәтижелерімен келіспеген жағдайда олар медициналық куәландыруға медициналық мекемеге жіберіледі.

4. Көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету туралы, мас күйін куәландыру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға белгі жасалады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада куәландыруды өткізу үшін көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетілген күні, уақыты, орны, негіздері көрсетіледі.

Хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға не оның заңды өкіліне тапсырылады.

6. Мас күйін куәландыру актісі тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.»;  
23) 630 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
осы Кодекстің 283-285, 287, 289, 297, 298, 298-1, 302-306, 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 451, 453, 457, 460, 461 (екінші, үшінші және 3-1 бөліктерінде), 463 (екінші, үшінші және 3-1 бөліктерінде), 463-4 (үшінші, төртінші бөліктеріндегі), 467, 470 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші бөліктеріндегі), 471 (екінші бөлігіндегі), 514 (461-471-баптарымен көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде), 524 (461-471-баптарымен көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде)-баптарында аталған бұзушылықтар жасалған кезде, осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді көліктік бақылау стационарлық постына іргелес арнайы алаңға, тұраққа немесе алаңға уақытша сақтау үшін жеткізу жолымен, сонымен қатар басқа көлік құралын (эвакуатор), шағын көлемді кемені пайдалану арқылы, ұстау себептері жойылғанға дейін ұстауға, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы.

» ;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ұсталған көлік құралын, кемені, соның ішінде шағын көлемді кемені сақтау жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын және коммуналдық меншік болып табылатын арнаулы алаңдарда немесе тұрақтарда жүзеге асырылады.»;

24) 636 - бапта:

1) тармақшада:

жиырма тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«көлік бақылау органдарының (317-1-бап (көлік саласындағы техникалық регламенттер талаптарын бұзу бойынша), (356, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 453 (екінші бөлігі), 454 (бірінші-үшінші бөліктері), 471 (1-1-бөлігі), 484-баптар);»;

екінші бөлігіндегі екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының (175-баптың екінші бөлігі (осы бұзушылықтарды жолаушыларды

тасымалдаушылар жасаған кезде), 451-баптың екінші бөлігі, 452-бап, 453-баптың екінші және үшінші бөліктері, 454-бап, 455-баптың үшінші бөлігі, 457-бап, 477-баптың төртінші бөлігі, 478, 479-баптар (темір жол көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 480-баптың үшінші және төртінші бөліктері, 481-бап (автомобиль көлігінде және электр көлігінде құқық бұзушылық жасағаны үшін);»;

25) 638-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзіне қатысты іс қозғалған адамның жеке басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның заңды өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама үш тәулік ішінде, ал осы Кодекстің 168, 168-6, 168-7, 169, 172-2 (бірінші және екінші бөліктері), 179 (үшінші және төртінші бөліктері), 180, 182, 187, 188, 357-2 (бірінші бөлігі), 447, 447-1, 447-2, 447-3, 447-4, 447-5, 463 (бірінші бөлігі, бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қағидаларын бұзушылық болып табылса, екінші және үшінші бөліктері), 467-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық бойынша материалдар аймақтық филиалдарға он жұмыс күні ішінде берген кезде құқық бұзушылық немесе оны жасаған адам анықталған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жасалды.»;

26) 639-баптың 1-1 бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Осы Кодекстің 539-бабының үшінші бөлігінде, 639-бабының үшінші бөлігінде аталған жағдайларды қоспағанда, жол жүрісі қауіпсіздігі, және автомобиль көлігі саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды.».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3; 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1) 244-1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасының сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен

авиакомпания белгілеген және жариялаған кестеге сәйкес орындалатын рейс тұрақты  
рейс деп танылады;»;

2) 367-баптың 1-тармағында:  
кестенің 8-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

«

8.	Мыналарды : магистральды жолдар бойымен поездардың кез келген санатын жүргізу үшін; магистральды, станциялық және тар және (немесе) кең табанды кірме жолдарда маневр жұмыстарын жүргізу үшін; өнеркәсіптік теміржол көлігі жолдарында және магистральды және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда пайдаланылатын теміржолдың тартқыш жылжымалы құрамы;	көлік құралының жалпы куатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы
	Тар және кең табанды магистральды және станциялық жолдармен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын мотор-вагонды қозғалмалы құрамы , сондай-ақ қалалық рельс көлігінің көлік құралдары	көлік құралының жалпы куатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы

» ;

3) 456-бап мынадай мазмұндағы 6.1.7., 6.1.8., 6.2.6., 6.2.7., 6.3.7., және 6.3.8.-  
жолдармен толықтырылсын :

«

6.1.7.	қалалық рельс көлігі	0,25
6.1.8.	теміржолдық тартқыш, сондай-ақ мотор-вагонды жылжымалы құрамы	0,25

» ;

«

6.2.6.	қалалық рельс көлігі	0,25
6.2.7.	теміржолдық тартқыш, сондай-ақ мотор-вагонды жылжымалы құрамы	0,25

» ;

«

6.3.7.	қалалық рельс көлігі	0,25
6.3.8.	теміржолдық тартқыш, сондай-ақ мотор-вагонды жылжымалы құрамы	0,25

» ;

4) 534-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:  
«16) жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат  
куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін.»;

5) 540-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:  
«11) жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат  
куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін – 25 пайыз;»;

6) 547-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын  
:

«7-1) жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат  
куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін – тиісті құжатты бергенге дейін;».



3. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының көлігі - оның аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық рельс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық труба-құбыр көлігі.»;

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктермен толықтырылсын:

«Көлік логистикасы – тасымалдаудың (тасымалдың) әр кезеңінде жүк қозғалысының мониторингін қамтитын әр түрлі көлік түрлерін (темір жол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе) пайдалану арқылы оңтайлы маршрут бойынша жүк жөнелтушіден (өндірушіден) жүк алушыға дейін тасымалдауды жоспарлау және басқару жөніндегі тасымалдау процесі қатысушыларының өзара байланысты іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Қалалық рельс көлігі – метрополитен, трамвай, жеңіл рельстер, монорельстерді қ а м т и т ы н к ө л і к т ү р і .

Метрополитен – жолдары басқа көлік түрінің жолдарымен қиылыспайтын, көбінесе жер астында орналасатын, қалада жолаушылардың әлеуметтік маңызды тасымалдауын қамтамасыз ететін қалалық рельс көлігінің түрі.

Жолаушыларды әлеуметтік маңызды тасымалдау – бұл Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін қозғалу және қолжетімді тарифтермен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған жолаушылар тасымалы.

Көлік қауіпсіздігі – көлік инфрақұрылым объектілерінің және көлік құралдарының заңсыз араласу актісінен қорғалуының жай-күйі.

Заңсыз араласу актісі – құқыққа қарсы іс-әрекет (әрекетсіздік), соның ішінде көлік инфрақұрылым объектілері және көлік құралдары қызметінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін, адам өмірі мен денсаулығына зиян, материалдық залал келтірген, не осындай салдар қауіп төндірген террористік акт.

Көлік инфрақұрылымы объектілері – темір жол, жеңіл рельсті трамвай, монорельстер және ішкі су жолдары, автомобиль жолдары, тоннельдер, эстакадалар, көпірлер, вокзалдар мен станциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, метрополитен желілері, порттар, порт құралдары, кеме қатынасының гидротехникалық

құрылыстары, әуеайлақтар, әуежайлар, байланыс жүйесінің, көлік құралдары қозғалысының навигациясы мен басқару объектілері, магистральдық құбыр жолдар, сондай-ақ көлік кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де ғимараттар, құрылыстар, құрылғылар мен жабдықтар.»;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

«2-1-бап: Көлік логистикасының қағидаттары

Көлік логистикасының қағидаттары:

1) заңдылық;

2) клиент қажеттіліктеріне бағдарланғандық;

3) қауіпсіздік;

4) сақталу;

5) рәсімдердің бір тұтастығы;

6) тең қолжетімділік;

7) жаһандық көлік-логистикалық жүйеге интеграциялану.»;

3) 3 - б а п т а :

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Магистральдық теміржол желісі – жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылымның операторына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шартында және тәртібінде ұлттық басқарушы холдингке және Ұлттық темір жол компаниясына беріледі.»; мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік меншіктегі магистральдық, станциялық жолдар және басқа да темір жол желілерінің объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылымның операторына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шартында және тәртібінде ұлттық басқарушы холдингке және Ұлттық темір жол компаниясына беріледі.»;

4) 6-баптың екінші бөлігінің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«тасымалдауларда, соның ішінде әлеуметтік маңызды және онымен байланысты қызметтерде Республика халқы мен экономикасының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;»;

5) 8 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жолаушылар көлігінің тұрақты маршруттарында жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушылар жергілікті атқарушы органдармен немесе олар осы маршруттарға қызмет көрсетуге уәкілеттік берген органдармен шарт жасасуға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Метрополитенмен жолаушылардың әлеуметтік маңызды тасымалдарын ұйымдастыруды метрополитен орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.»;

бірінші бөліктегі оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«- мемлекеттік және жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың арнайы және әскери тасымалдарын жүзеге асыру жөніндегі талаптарын орындауға (бұл тасымалдарды жүзеге асыруға кеткен шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен өтеледі);»;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Жолаушы жөнелту пунктіне тасымалдау басталғанға дейін, тасымалдау қағиласында белгіленген уақытынан кешікпей келуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

«Метрополитенмен жолаушыларды тасымалдау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

7) 12-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Темір жол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көлігі көлік логистикасының қағидаттарын қолдану және көлік инфрақұрылымын пайдалану арқылы тікелей аралас қатынастар жүйесін ұйымдастырады.»;

8) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

«15-1-бап. Қалалық рельс көлігінің көлік құралдарын тіркеу

Қалалық рельс көлігінің көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қалалық рельс көлігінің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.»;

9) 21-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік жүктері мен объектілерін күзетуді, сондай-ақ темір жол, әуе көлігінде, метрополитенде өртке қарсы алдын алу жұмыстарын жүргізуді және өрт зардаптарын жоюды Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен әскерилендірілген күзет қызметтері мен өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады.»;

10) 23-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік құралдары қозғалысы және жүк тиеу-түсіру жұмыстары жүзеге асырылатын метрополитеннің, станциялардың, порттардың, айлақтардың, әуежайлардың, автокөлік кәсіпорындары мен теміржол тораптарының аумақтары, сондай-ақ су жолдары аса қауіпті аймақтар болып табылады. Аса қауіпті аймақта болу және онда жұмыстар жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Аталған ережелердің бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауапкершілікке әкеп соқтырады.»;

11) мынадай мазмұндағы 24-1, 24-2, 24-3, 24-4, 24-5, 24-6, 24-7 және 24-8-баптармен толықтырылсын:

«24-1-бап. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Көлік инфрақұрылымы объектілерінің және көлік құралдарының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, көлік қызметінің субъектілеріне жүктеледі.

2. Осы Заңның 24-1, 24-2, 24-3, 24-4, 24-5, 24-6, 24-7 және 24-8-баптарының мақсаттары үшін көлік қызметінің субъектілері деп жеке меншік құқығында немесе өзге заңды негізде көлік инфрақұрылым объектілері және (немесе) көлік құралдары бар жеке және заңды тұлғалар түсініледі.

3. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

4. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленуі мүмкін.

24-2-бап. Көлік инфрақұрылым объектілерінің және көлік құралдарының қауіпсіздік деңгейі

1. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көлік инфрақұрылым объектілерінің және көлік құралдарының қауіпсіздік деңгейі белгіленеді.

Қауіпсіздік деңгейі ретінде көлік инфрақұрылымы объектілерінің және көлік құралдарының қорғалу дәрежесі, тиісті заңсыз араласу актісін жасау қатерінің дәрежесі түсініледі.

2. Көлік инфрақұрылымы объектілерінің және көлік құралдарының қауіпсіздік деңгейі уәкілетті мемлекеттік органның шешімімен белгіленеді.

Қауіпсіздік деңгейінің тізбесін және оларды белгілеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қауіпсіздіктің белгіленген деңгейіне байланысты көлік қызметінің субъектілері жолаушыларды және басқа адамдарды, қол жүгін, теңдеме жүкті (жүк - теңдеме жүкті) және жүкті қарап тексеруді, сондай-ақ көлік инфрақұрылым объектілерін және көлік құралдарын тексеруді қамтамасыз етеді.

24-3-бап. Қарап тексеру

1. Қарап тексеруге жолаушылар және басқа адамдар, олардағы заттар, соның ішінде қол жүгі, багаж және жүк багажы жатады.

Жолаушыларды және басқа адамдарды, олардағы заттарды, соның ішінде қол жүгін, багажды және жүк багажын қарап тексеруді жүргізу тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Жолаушыларды және басқа адамдарды, олардың заттарын, соның ішінде қол жүгін, багаж және жүк багажын қарау көлік қызметі субъектісінің персоналымен немесе күзет қызметін көрсету жөніндегі шарт жасасқан кезінде күзет қызметі субъектісінің қызметкерімен жүргізіледі.

Қарап тексеру кезінде техникалық құралдар қолданылады, оларға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Әкімшілік құқық

бұзушылықты жасау құралдарын не нысанасы болған затты табу мақсатында жеке қарап тексеруді «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде санамалап көрсетілген лауазымды адамдар жүргізеді.

3. Жолаушыларда және басқа адамдарда болған заттарды, соның ішінде қол жүгін, багажды, жүк багажын қарап тексеру кезінде, тасымалдауға тыйым салынған заттар және құралдар бар болған жағдайда көрсетуді талап ететін міндетті ұсыныс болады.

Жолаушыларды және басқа адамдарды қарап тексеру кезінде жеке басын куәландыратын құжаттарына, және (немесе) олардың тасымалдау құжаттарына сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Қарап тексеруді ұйымдастыру үшін көлік қызметінің субъектілері жауапты болады.

4. Тасымалдауға тыйым салынған заттардың және құралдардың болу мүмкіндігі туралы куәландырылатын контурдың және өзге де мәліметтердің техникалық құралдармен табылған кезінде адамдарды жеке қарап тексеруге және оларда болған заттарды, соның ішінде қол жүгін, багажды, жүк багажын және жүкті қарап тексеру қ о л м е н жү р г і з і л е д і .

Жеке қарап тексеру тасымалдауға тыйым салынған заттарды және құралдарды табу үшін қажетті шеңберде жүзеге асырылады.

Жеке қарап тексеруді тексерілетін адаммен жынысы бірдей адам ғана санитарлық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалардың талаптарына сай келетін арнайы бөлінген үй-жайларда жүргізеді.

Бір үй-жайда бір уақытта бірнеше адамды жеке қарап тексеруге тыйым салынады.

Жеке қарап тексерудің нәтижелері, қарап тексеру жүргізген адам және жеке қарап тексеру жүргізілген адамға қатысты адам қол қоятын актімен ресімделеді.

5. Қарап тексеруден, жеке қарап тексеруден жалтарған адамдар көлік инфрақұрылым объектілеріне немесе тасымалдауға жіберілмейді, ол туралы тиісті акт т о л т ы р ы л а д ы .

6. Егер жолаушының қол жүгін, багажын қарап тексерген кезде тасымалдауға тыйым салынған заттар мен нәрселер табылмаса, қарап тексеруді, жеке қарап тексеруді жүргізген адамдар жолаушыны жол жүру құжат (билет) алынған қатынаспен жөнелтуді қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

7. Қарап тексеруді жүргізген адамдар жолаушыларға және басқа адамдарға қатысты ұқыпты және сыпайы болуы міндетті және олардың абыройын түсіретін іс-әрекеттерге ж о л б е р м е у і к е р е к .

8. Көлік қызметінің субъектілері жолаушыларды және басқа адамдарды, олардағы заттарды, соның ішінде қол жүгін, багажды және жүк багажын қарап тексеруді жүргізу жөніндегі тәртібі мен талаптары сәйкестігіне аттестаттаудан өтуге жатады.

Көлік қызметі субъектілерінің аттестаттауын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

9. Қарап тексеру жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің, сондай-ақ

қарап тексеру жүргізілмейтін адамдарға қатысты тізбесі Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен белгіленеді.

24-4-бап. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары

Көлік инфрақұрылымы объектілері және көлік құралдары үшін қауіпсіздік деңгейіне байланысты көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Көрсетілген талаптар көлік қызметінің барлық субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

24-5-бап. Көлік инфрақұрылым объектілері және көлік құралдарының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды іске асыру

1. Көлік қызметінің субъектілері көлік инфрақұрылым объектілері және көлік құралдарының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету нұсқаулығын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпте әзірлейді.

Көлік инфрақұрылым объектілері және көлік құралдарының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралар кешенін көздейді және уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша көлік қызметінің субъектілерімен бекітіледі.

2. Көлік инфрақұрылым объектілері және көлік құралдарының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарында қамтылған мәліметтер қолжетімділігі шектеулі ақпарат болып табылады.

3. Көлік инфрақұрылым объектілері және көлік құралдарының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарын орындауды көлік қызметінің субъектілері, ал егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көлік қызметінің субъектілері орталық мемлекеттік органдармен немесе жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе отырып жүзеге асырады.

24-6-бап. Көлік қауіпсіздігі саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету

1. Ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғауды, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қарсы қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғушылықтардың алдын алу мен ескертуді қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру мақсатында көлік қызметінің субъектілері құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарына ресімделген және (немесе) броньға қойылған жол жүру құжаттары (билеттері) туралы мәліметтерге, соның ішінде автоматтандырылған жүйеге және нақты уақыт режиміндегі мәліметтер базасына рұқсатты қамтамасыз етеді.

2. Құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарына ресімделген және (немесе) броньға қойылған жол жүру құжаттары (билеттері) туралы мәліметтерге рұқсат тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) ресімдеу кезінде тасымалдаушы немесе жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды жүзеге асыратын басқа адам жолаушылар туралы мынадай дербес мәліметтерді жазуды қамтамасыз етеді:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 2) жол жүру құжаттары (билеттері) бойынша сатып алынған құжаттың, жеке басын куәландыратын құжаттың түрі және нөмірі;
- 3) жөнелту орны мен күні, белгіленген пункт, сапар маршрутының түрі (жолда түсірілмейтін, транзиттік);
- 4) көрсетілген жолаушымен тасымалдаушы хабарласа алатын, байланыс мәліметтері (электрондық поштасының адресі және (немесе) телефон нөмірі).

24-7-бап. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы көлік қызметі субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Көлік қызметі субъектілерінің:

- 1) көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдардан белгіленген тәртіпте алуға;
- 2) уәкілетті мемлекеттік органға, арнайы мемлекеттік органдарға, ішкі істер органдарына көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

2. Көлік қызметінің субъектілері:

- 1) көлік инфрақұрылым объектілеріне және көлік құралдарына заңсыз араласу актілерін жасау және оның жасалу қауіпі туралы уәкілетті мемлекеттік органға, құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;
- 2) осы Заңның 24-3-бабына сәйкес көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптардың бұзушылықтарын жою туралы уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарының нұсқамасын орындауға;
- 3) заңсыз араласу актілерін анықтауға, ескертуге және алдын алуға, сондай-ақ оның салдарын жоюға жәрдем көрсетуге, олардың болу себептері мен жасалу жағдайларын белгілеуге міндетті.

3. Көлік қызметінің субъектілері көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қарап тексеруді жүргізудің талаптарын орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

24-8-бап. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты лауазымға алу кезіндегі шектеулер

1. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты лауазымға мынадай адамдар алынбауы мүмкін:

- 1) жойылмаған немесе алынбаған сотталуы бар;
- 2) психикалық бұзылу (ауру), алкогольдік, наркологиялық немесе токсикологиялық сипаттағы аурулар бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған;
- 3) сот тәртібінде қабілеті шектеулі немесе қабілетсіз деп танылған;

4) мемлекеттік органдардан теріс себептері бойынша жұмыстан шығарылған, егер жұмыстан шығарылғаннан кейін кемінде үш жыл өткен адамдар;

5) көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты лауазымнан теріс себептері бойынша жұмыстан шығарылған, егер жұмыстан шығарылғаннан кейін кемінде үш жыл өткен адамдар.

2. Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты лауазымдар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

1 2 ) 2 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) су көлігінің жұмыс істеу тәртібін және оларды бұзудың алдын алу бойынша шаралар қабылдауды анықтайтын Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылау және қадағалау;»;

7) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 29) тармақшамен толықтырылсын:

«29) метрополитенде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және техникалық құралдарды күтіп ұстауды бақылау.».

4. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат):

1) 7-баптың он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«- автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, темір жол өтпелерін, қалалық рельс көлігі желілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу;»;

2 ) 1 3 - б а п т а :

1-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін автомобиль және қалалық жер үсті рельс көлігі құралдарының жүргізушілері мен басқа да қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасауға;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Автомобиль және қалалық жер үсті рельс көлігі құралдарымен тасымалдау қызметін жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындар арнаулы ережелер белгілеп, жүктің түрін, оларды тасымалдау ерекшеліктерін ескере отырып және қолданылып жүрген заңдар шегінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүргізушілерге қосымша талаптар қоя алады.»;

3) 18-баптың 3-тармағының жетінші бөлігіндегі 2) және 3) тармақшалар алып



Т а с т а л с ы н .

5. «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат):

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң мемлекеттік реттеу негіздерін, темір жол көлігінің жұмыс істеуінің құқықтық, экономикалық шарттарын белгілейді және темір жол көлігі саласында қызметті жүзеге асыру және қамтамасыз ету кезіндегі тасымалдау процесіне қатысушылар, мемлекеттік органдар мен өзге де жеке және заңды тұлғалар арасындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.»;

2) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) темір жол вокзалдарының класы – орындалатын жұмыс (ұсынылатын қызметтер) көлеміне және техникалық жарақталуына қарай белгіленген темір жол вокзалының мәртебесі;»;

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«39) магистральдық жолдар – Қазақстан Республикасының барлық аумағында темір жол көлігінің жұмыс істеуі және бас жолдардан (темір жол станциялары арасындағы аралықтағы жолдардан, іргелес аралықтар жолдардың тікелей жалғасы болып табылатын станция шекарасындағы және әдеттегідей бағыттағандық бұрмадағы ауытқуы жоқ жолдардан), сондай-ақ станция шекарасындағы поездардың қабылдау, жөнелту, басып озу, айырылысу және рұқсаттама алу үшін арналған қабылдау-жөнелту жолдарынан тұратын басқа мемлекеттермен темір жол қатынасын қамтамасыз ету үшін арналған темір жолдар;»;

40), 41), 42), 44) және 47) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«40) магистральдық темір жол желісі – Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық бірліктері және көлік-логистикалық объектілері арасындағы тікелей темір жол қатынасын қамтамасыз ететін өзінде өзара жалғасқан магистральдық жолдар, станция жолдарын, сондай-ақ электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілері, құрылғылар, жабдықтар, ғимараттар, құрылыстар, имараттар (соның ішінде вокзалдар) жүйесін құратын және олардың жұмыс істеуі үшін технологиялық жағынан қажетті және өзге де объектілерінің жүйесі;

41) магистральдық темір жол желісі қызметтері – поездарды өткізу мен олардың

қозғалысы үшін магистральдық темір жол желісін пайдаланумен байланысты инфрақұрылымның ұлттық операторының тасымалдаушыларға көрсететін қызметтері;

42) Инфрақұрылымның ұлттық операторы – магистральдық инфрақұрылымды пайдалануды, күтіп ұстауды, жаңғыртуды, оның құрылысын және магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсетуді жүзеге асыратын және магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсететін акциялардың бақылау пакеті Ұлттық темір жол компаниясына тиесілі заңды тұлға;

«44) пайдалану құжаттамасы – инфрақұрылым объектілерін, имараттарды, жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды, конструкцияны, құрал-жабдықты және теміржол көлігі мүкәммалын пайдалану тәртібін көздейтін құжаттама;

45) поезд - белгіленген сигналдары, вагонсыз локомотивтері, моторлы вагондары мен арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамы бар, бір немесе бірнеше жұмыс істеп тұрған тартқыш көлік құралдары (локомотивтерімен немесе моторлы вагондарымен жылжымалы құрамдары) бар вагондардан құралған әрі түйістірілген, Инфрақұрылымның ұлттық операторы белгілеген маршрут бойынша жүретін вагондар құрамы ; » ;

«47) станциялық жолдар – станцияның шекарасындағы темір жол жолдары: станцияның шекараларындағы магистральдық жолдарды қоспағанда, сұрыптау, тиеу-түсіру, тартқыш, деполық, жалғастыру, арнайы;»;

мынадай мазмұндағы 47-1) тармақшамен толықтырылсын:

«47-1) техникалық жолдар – вагондар мен локомотивтердің тұрағы (қалдыру), оларды тиеуге дайындау және техникалық қызмет көрсетуге арналған темір жол жолдары ; » ;

49), 53) және 54) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«49) тасымалдау – жолаушылардың, багаждың, жүк багажының, пошта жөнелтілімдерінің, жүктердің жөнелту орнынан межелі орынға ауысуы;

53) тасымалдау процесі – темір жол көлігімен жолаушылар, жүктер, багаж және жүк багажы тасымалын дайындау, жүзеге асыру және аяқтау кезіндегі орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық өзара байланысты операциялардың жиынтығы ;

54) тасымалдау процесінің қатысушысы – тасымалдау бойынша қызметтерді пайдаланушы, тасымалдаушы, Инфрақұрылымның ұлттық операторы, вагондар (контейнерлер) операторы ; » ;

мынадай мазмұндағы 54-1), 54-2) және 54-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«54-1) диспетчерлік реттеу – нақты уақыт режимінде тасымалдау процесінің операцияларын басқару және мониторинг процесі;

54-2) тасымалдау процесі қатысушысының қауіпсіздігін басқару жүйесі – операцияларды жоспарлауды, әзірлеу мен орындауды, мониторинг пен бақылауды, талдауды қамтитын және тасымалдау процесінің қауіпсіздігіне қатысты бекітілген

талаптарды орындауды қамтамасыз етуге және адам өмірі мен денсаулығына залал және (немесе) зиян келтіру тәуекелдерін азайтуға бағытталған өзара байланысты және өзара әрекет етуші ұйымды (кәсіпорынды) басқару құрауыштарының жиынтығы;

54-3) тасымалдау процесінің қауіпсіздігі (бұдан әрі – қауіпсіздік қозғалысы) – қауіпті фактордың іске асуы ықтималдығы мен оның салдарының ауырлық дәрежесінің үйлесуін ескере отырып, адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, соның ішінде өсімдік және жануарлар әлеміне зиян келтірумен байланысты тасымалдау процесі операцияларын орындау кезінде жол берілмеу қажет тәуекелдердің жоқ болуы;»;

56) және 59) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«56) темір жол вокзалы - халыққа темір жол көлігімен тасымалдау және класына қарай багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған ғимараттарды, имараттарды (жолаушы платформаларын, вокзал өтпелерін және вокзал жанындағы аумақты қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;»;

«59) тасымалдаушы – жүктерді немесе жолаушыларды, багажды, жүк багаждарын және тасымалдаушы құжаттарда көрсетілген тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асыратын, сүйрегіш көлік құралдарын қоса алғанда, жылжымалы құрамын, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иеленетін тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 60-1) және 62-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«60-1) темір жол көлігінің қосалқы қызметі – тасымалдау процесінің қатысушысы болып табылмайтын және инфрақұрылым, имарат, жылжымалы құрам, арнайы жылжымалы құрам, конструкция, темір жол көлігінің құрал-жабдықтары мен мүкәммалдары объектілерін жобалау, өндіру, техникалық қызмет ету, жөндеу және кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;»;

«62-1) тасымалдау бойынша қызметтерді пайдаланушы – жолаушы, жүк жөнелтуші (жіберуші), жүк қабылдаушы (қабылдаушы), экспедитор;»;

64) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«64) Ұлттық жүк тасымалдаушы – жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсететін, соның ішінде арнайы және әскери тасымалдауды жүзеге асыратын, акцияларының бақылау пакеті ұлттық темір жол компаниясына тиесілі, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 64-1) тармақшамен толықтырылсын:

«64-1) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы – жолаушыларды, багажды, жүк багаждарын, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, соның ішінде арнайы және әскери тасымалдауды орындайтын, акцияларының бақылау пакеті Ұлттық темір жол компаниясына тиесілі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленетін заңды тұлға;»;

65) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«65) Ұлттық темір жол компаниясы – темір жол көлігі саласында қызметті жүзеге асыратын Инфрақұрылымның ұлттық операторы, ұлттық тасымалдаушылар және өзге

де аффилиирленген заңды тұлғалар қызметтерін дамытудың жалпы бағыттарын айқындайтын және бағыттарын үйлестіруді қамтамасыз ететін акцияларының бақылау пакеті Ұлттық басқару холдингіне тиесілі Үкімет шешімімен құрылған акционерлік қоғам;»;

мынадай редакциядағы 67) тармақшамен толықтырылсын:

«67) вокзал жанындағы аумақ – темір жол вокзалына кіреберіс және кірме жол, қоғамдық және жеке көліктердің аялдама пункттерімен, тұрақ орындарымен, авто тұрақтармен, абаттандыру элементтерімен қамтылған темір жол вокзалына іргелес аумақ.»;

3) 2 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Темір жол көлігінің мемлекеттік саясаты және жұмыс істеу қағидаттары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Темір жол көлігінің жұмыс істеуі мынадай қағидаттардың негізінде жүзеге асырылады :

1) Қазақстан Республикасының бірыңғай әлеуметтік-экономикалық кеңістікті қорғау және нығайту;

2) Қазақстан Республикасының бірыңғай көліктік жүйесінің келісімді жұмыс істеуі;

3) темір жол көлігінің инфрақұрылым тұтастығының сақталуы және толассыз жұмыс істеуі;

4) қауіпсіздікті, тасымалдау процесінің үздіксіз және толассыздығын қамтамасыз ету;

5) көлік рыногының барлық субъектілерінің темір жол көлігі қызметін ұсынуға және пайдалануға еркін қол жеткізу;

6) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау;

7) тасымалдаулардың барлық қатысушылары үшін бірыңғай құқықтық және экономикалық кепілдік стандартын қолдану.»;

2 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік саясат тасымалдаудағы халық пен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары:»;

мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) мемлекет мүддесінің, тасымалдау процесіне қатысушылардың және темір жол көлігі ұйымдарының теңгерімін қамтамасыз ету;

13) темір жолдары бойынша көлік-логистика жүйесін дамыту және жүктердің көлік ағымын арттыру.»;

4) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Магистральдық теміржол желісі – жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылымның операторына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шартында және тәртібінде ұлттық басқарушы холдингке және Ұлттық темір жол компаниясына беріледі. Мемлекеттік меншіктегі магистральдық, станциялық жолдар және басқа да темір жол желілерінің объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылымның операторына беру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шартында және тәртібінде ұлттық басқарушы холдингке және Ұлттық темір жол компаниясына беріледі.»;

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«6-бап. Магистральдық темір жол желісі

1. Тасымалдаушылар магистралдық темір жол желісі бойынша тасымалдарды Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидасында сәйкес жүзеге асырады.

2. Тасымалдаушы магистралдық темір жол желісі көрсеткен қызметтер үшін Инфрақұрылымның ұлттық операторына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген көлемде ақы төлейді. 3. Магистральдық темір жол желісі қызметтеріне қол жеткізу құқығы Ұлттық инфрақұрылым операторына беріледі.

Инфрақұрылымның ұлттық операторы магистральдық темір жол желісі көрсететін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге және тасымалдаушыларға магистральдық темір жол желісін пайдалануға бірдей құқық беруге міндетті.

Магистральдық темір жол желісі қызметтеріне қол жеткізуді ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттармен белгіленеді.

4. Инфрақұрылымның ұлттық операторы магистральдық темір жол желісін пайдалануды, күтіп ұстауды және жаңғыртуды, салуды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарлама бойынша жүзеге асырады.

Жаңа магистральдық жолдар салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.»;

6) 6-2-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қала жанындағы – тиесілі аумақтарда бекітілген қала жанындағы аймақтар шегіндегі елді мекендерді қаламен жалғаушы маршруттар бойынша тасымалдаулар.»;

7) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«9-бап. Жылжымалы құрамды тіркеу

Жылжымалы құрам және жылжымалы құрамның кепілдемесі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Жылжымалы құрамды және оның кепілдемесін мемлекеттік тіркеу үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген тәртіпте алым алынады.»;

8) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық инфрақұрылым операторы көрсететін қызметтердің және концессия

шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жолдар қызметтерінің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.»;

9 ) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 22-2) және 22-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«22-2) Темір жол вокзалдарының класын анықтау әдістемесін бекіту;

22-3) Әлеуметтік маңызы бар қатынастар жөніндегі жолаушыларды тасымалдау қызметі үшін бағаны анықтау әдістемесін бекіту;»;

2 - т а р м а қ т а ғ ы :

1 0 ) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 26-1), 34-1) және 34-2) тармақшаларымен толықтырылсын:

«26-1) Қазақстан Республикасындағы темір жол көлігінде жол жүру құжаттарын ( билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту;»;

«34-1) темір жол көлігі саласында қызмет көрсететін субъектілердің шикізат және материалдар, қосалқы бөлшектер, құрал-жабдық, жанармай, энергия техникалық шығындарының, техникалық және технологиялық үлгі нормаларын бекіту;

34-2) темір жол вокзалдарының тізімін олардың класына сәйкес бекіту;»;

10) 15-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-1-бап. Ұлттық тасымалдаушылар

1. Ұлттық тасымалдаушылар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық тасымалдаушылар жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді, соның ішінде арнайы және әскери жүктерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетеді.»;

11) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Тасымалдау процесін басқару

1. Инфрақұрылымның ұлттық операторы магистральдық және станциялық жолдарда қозғалыстың диспетчерлік реттеуін қоса алғанда, магистральдық темір жол желісіне қызмет көрсетеді, Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидаларына сәйкес тасымалдаушылармен шарттар жасасады.

2. Инфрақұрылымның ұлттық операторы Техникалық пайдалану қағидасына, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сай келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісіне жібермеуге міндетті.

3. Инфрақұрылымның ұлттық операторы концессионермен концессия шартын іске асыру үшін тараптардың өзара қарым-қатынастарын регламенттейтін шартты жасасуға міндетті.» ;

1 2 ) 1 7 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Темір жол вокзалында билет кассалары, күту үй-жайлары, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, соның ішінде мүгедектер және халықтың шағын мобильді топтары үшін арнайы жабдықталған, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсететін объектілер (соның ішінде жолаушыларды бірыңғай-ақпараттық орталықпен байланыстыратын), медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті қорғау пункті  
б о л у ғ а т и і с . » ;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Ақпаратты ұсыну тілді, мәтінді, Брайл әліппесін, тактиль араласуын, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектер үшін де  
қ а м т а м а с ы з е т і л е д і . » ;

13) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген негіздемелерден басқа уәкілетті органның, Инфрақұрылымның ұлттық операторының талап етуі  
б о й ы н ш а ж ұ м ы с б е р у ш і :

1) диспетчерлік қызметінің, Инфрақұрылымның ұлттық операторының тасымалдау процесі мен поездар жүрісін басқаруға байланысты нұсқауларын орындамаған;

2) жұмыс уақытының режимін бұзған жағдайларда темір жол көлігінің қызметкерін  
ж ұ м ы с т а н ш е т т е т у г е м і н д е т т і . » ;

14) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«31-бап. Инфрақұрылым объектілерін, құрылыстарды, темір жол көлігі жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Инфрақұрылым объектілерін, құрылыстарын, темір жол көлігі жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда  
ж ү з е г е а с ы р ы л у ы т и і с .

2. Инфрақұрылым объектілерін, темір жол көлігі имараттарын, жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату процестері Техникалық пайдалану қағидасына, техникалық регламенттерге, пайдалану құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

3. Инфрақұрылым объектілерінің, құрылыстарының, темір жол көлігі жылжымалы құрамының, арнайы жылжымалы құрамының, конструкцияларының, жабдықтары мен мүкәммалының жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау және жөндеу

процестерінде сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар пайдалану  
құжаттамасында белгіленеді.

4. Инфрақұрылым объектілерін, темір жол көлігі имараттарын, жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату кезінде жобалаушылар, дайындаушылар, жеткізушілер, меншік иелері, Ұлттық инфрақұрылым операторы инфрақұрылым объектілерін, темір жол көлігі имараттарын, жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын олардың қызмет ету циклы процесінде жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жаратуға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.»;

15) 32-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тасымалдаушының және Ұлттық инфрақұрылым операторының кірме жолдармен жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың багажды, жүкті және жүк-багажды тиеу, түсіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған кездегі тексеруге қатысу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

16) мынадай мазмұндағы 32-1, 32-2 және 32-3-баптармен толықтырылсын:

«32-1-бап. Қатерлі жағдайлар (апаттарды) және оқиғаларды тергеу

1. Темір жол көлігі саласындағы қатерлі жағдайларды (апаттарды) және оқиғаларды уәкілетті орган құратын төтенше жағдайлар органдарының өкілдері, тасымалдаушылар, Ұлттық инфрақұрылым операторлары, тәуелсіз сарапшыларды қамтитын комиссия жүргізеді.

2. Темір жол көлігі саласындағы қатерлі жағдайларды (апаттарды) және оқиғаларды тергеу, комиссияны құру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

32-2-бап. Тасымалдау процесіне қатысушыларға және қосалқы темір жол көлігі қызметтеріне қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптар

1. Тасымалдау процесіне қатысушыларға және темір жол көлігі қосалқы қызметтеріне қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптар темір жол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларымен, техникалық пайдалану қағидаларымен, поездар қозғалысы және маневрлік жұмыстар бойынша нұсқаулықпен, темір жол көлігіндегі сигнал беру жөніндегі нұсқаулықпен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

2. Тасымалдау процесіне қатысушылар (тасымалдау қызметтерін пайдаланушыларды қоспағанда) талаптары Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалатын қауіпсіздікті басқару жүйесін әзірлеуге және енгізуге міндетті.

Тасымалдау процесіне қатысушының (тасымалдау қызметтерін пайдаланушыларды қоспағанда) қауіпсіздікті басқару жүйесіне аудитті Темір жол көлігіндегі қауіпсіздік



қағидаларында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүргізеді.

3. Жылжымалы құрам осы Заңның, Темір жол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

32-3-бап. Қауіпсіздік бойынша талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Тасымалдау процесіне қатысушылар және қосалқы темір жол көлігі қызметтері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адамның өміріне және денсаулығына, қоршаған ортаға келтірілген зиянға, тасымалдау процессіне қатысушылардың және үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиянға ықпал еткен қауіпсіздік бойынша талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады.»;

17) 33-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тасымалдаушы және Ұлттық инфрақұрылым операторы.»;

18) 34-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы мен тармақ иеленуші табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды шұғыл түрде қолдануға міндетті.»;

19) 35-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер туындаған немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген және тасымалдауға кедергі келтіретін өзге де жағдайлар кезінде Ұлттық инфрақұрылым операторы темір жол қатынасының жекелеген бағыттарында тасымалдауға байланысты қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату не шектеу туралы шешім қабылдай алады.»

Ұлттық инфрақұрылым операторы мұндай шешімнің қолданылу мерзімін белгілеуге, сондай-ақ уәкілетті органды, тасымалдаушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды шұғыл түрде хабардар етуге міндетті.»;

20) 56-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кірме жолдарды пайдалану тасымалдау қағидасына сәйкес тармақ иеленуші әзірлейтін және Ұлттық инфрақұрылым операторы бекітетін кірме жолдардағы қозғалысқа қызмет көрсету және оны ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықтың негізінде жүзеге асырылады.»;

21) 57-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кірме жолдардың магистральдық және стансалық жолдарға жалғастырылуы Ұлттық инфрақұрылым операторының келісуімен жүзеге асырылады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдарды магистральдық және станциялық жолдарға жалғастырудан бас тартқан жағдайда табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган шағымдарды қарайды.»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдар бойынша қозғалыс, сондай-ақ тиеу (түсіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыру және маневрлік жұмыс кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексеруге құқылы.

2. Мемлекеттік көлік бақылау органы, Ұлттық инфрақұрылым операторы операторы кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігіне, жылжымалы құрамның, контейнерлердің, жүктердің сақталуына қатер төндіретін ақаулар тапқан жағдайда, анықталған бұзушылықтар туралы акт жасайды.

Тармақ иеленуші аталған актінің негізінде кірме жолдар қызметін көрсетуді тоқтата т ұ р у ғ а м і н д е т т і .

Тармақ иеленуші анықталған бұзушылықтарды актіде көрсетілген мерзімдерде жоймаған жағдайда, Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдарға жылжымалы құрамды беруді және оны алып кетуді тоқтатады.»;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кірме жолдардағы жылжымалы құрамды және контейнерлерді беру мен алып кетуді, маневрлік жұмыстарды тоқтата тұрудың әрбір жағдайы туралы Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе тасымалдаушы мемлекеттік көлік бақылауы органына жазбаша хабарлауға және кірме жолдағы қауіпсіздіктің бұзылуы туралы акт жасалған кезден бастап бір тәуліктен кешіктірмей осы актіні жіберуге міндетті.».

6. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96 - құжаттар; № 15, 97 - құжат):

1 )

1 - б а п :

мынадай мазмұндағы 61) тармақшамен толықтырылсын:

«61) шағын көлемді кеме – ұзындығы 20 метрден аспайтын, борттағы шекті адамдар саны 12 адамнан аспайтын, балық аулау, жүкті тасымалдау, тіркеп сүйреу, пайдалы қазбаларды іздеу, барлау, құрылыс және өндіру, жол, гидротехникалық және басқа осыған ұқсас жұмыстар, лоцмандық және мұзжарғыштарды ілестіріп өту, сондай-ақ су объектілерін ластанумен қоқыстанудан сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға салынған немесе жабдықталған кемелерден басқа кеме.»;

2) 3-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Каспий теңізінде жүзетін шағын көлемді кемелерге қолданылады.»;

3 )

4 - б а п т а ғ ы :

2 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«15-1) теңіз көлігі мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) білім беру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын сертификаттау бойынша уәкілетті ұйымды сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде анықтау;»;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) кеме құжаттарының тізімін, кеме құжаттарын жүргізу қағидаларын және кеме құжаттарына талаптарды бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:

«31-1) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктерінің тізбесін және үлгісін бекіту;»;

3 - т а р м а қ т а ғ ы :

5), 8), 10) және 11) тармақшалар алып тасталсын;

15), 16) және 19) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қазақстан Республикасының теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімі мен бербоут-чартер тізілімін, халықаралық кеме тізілімін және кеме кітабын жүргізу, кемелердің, соның ішінде шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркеу, тиісті кеме құжаттарын беру;»;

«16) теңізде жүзу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылау;»;

«19) теңіз кемелерінің қатысуымен болған авариялық жағдайларға тергеу жүргізу, сыныптау және оларды есепке алу;»;

25) және 35) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 55-1), 55-2), 55-3), 55-4), 55-5), 55-6), 55-7), 55-8), 55-9) және 55-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«55-1) теңізде жүзу саласында навигация және байланыс саласында қызметтер көрсетуді ұйымдастыру бойынша уәкілетті ұйымды анықтау;

55-2) дипломдарды, біліктілік куәліктерін, олардың берілгені туралы растамаларын беру, сондай-ақ теңізшінің жеке басын куәландыратын куәліктерді, кеме экипажы мүшелеріне теңізде жүзу кітапшасын беру;

55-3) кемеге және жасалып жатқан кемеге меншік құқықтарын, кеме немесе жасалып жатқан кеме кепілін және оларға өзге де құқықтарды мемлекеттік тіркеу, тиісті құжаттар беру;

55-4) кеме құжаттарын, дипломдарын, біліктілік куәліктерін және дипломдар мен біліктілік куәліктеріне растамаларды тексеру;

55-5) кемелердің портқа кіру және порттан шығу тәртібі талаптарының сақталуын бақылау және қадағалау;

55-6) лоцмандық қызметті және кемелердің қозғалысын басқару жүйесін бақылау

ж ә н е

қ а д а ғ а л а у ;

55-7) теңізге батқан мүлікті көтеріп шығаруға рұқсаттар беру;

55-8) порттағы имараттардың және оларды пайдаланудың техникалық жай-күйіне бақылау жасау және қадағалау;

55-9) кемелердің портқа кіруін және порттан шығуын рәсімдеу;

55-10) кемелерді портқа кірерде және порт айдынының шегінде мұзжарғыштардың ілестіріп өтуіне бақылау жасау және қадағалау;»;

4) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 5 - б а п . К а б о т а ж

Каботажды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті орган берген рұқсат негізінде шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелер жүзеге асырады.»;

5) 10-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жататын кемеінің атауы б о л у ы т и і с .

Мүлік иесі кемеінің атауын қояды және өзгертеді. Кемеінің атауын таңдаған кезде:

1) кемеінің мемлекеттік тілдегі атауы қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес болуы

;

2) жалпы қабылданған мораль нормалары және әдептілік ескеріледі.

Кемелерге ұқсас атаулар қоюға рұқсат етілмейді.»;

6) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде меншікке алынған кеме Қазақстан Республикасының консулдық қызметі мұндай құқықты куәландыратын және кеме Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркелгенге дейін жарамды болатын, бірақ бір жылдан аспайтын уақыт қолданылатын уақытша куәлік берген кезден бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын п а й д а л а н а д ы . » ;

7) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Кемеі шет мемлекеттің туын көтеріп жүруге уақытша а у ы с т ы р у

Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген кеме бербоут-чартер бойынша шетелдік кеме жалдаушының иеленуіне немесе пайдалануына берілген кезде мұндай кеме уәкілетті органның шешімі негізінде, кейіннен әрбір екі жыл сайын ұзарту құқығымен екі жылдан аспайтын мерзімге, бірақ бербоут-чартердің қолданылу

мерзімінен аспайтын мерзімге тиісті тізілімге тіркеліп және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатылып, шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстырылуы мүмкін.»;

8) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кеменің сенімгерлік басқаруға берілуі Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде немесе кеме кітабында міндетті түрде мемлекеттік тіркелуі тиіс.»;

9) 14-баптың 1-тармағындағы бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кеменің Қазақстан Республикасының Үкіметі тізбесін, жүргізу тәртібін және талаптарын айқындайтын кеме құжаттары болуға тиіс.»;

1 0 ) 1 6 - б а п т а ғ ы :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын;

«4) Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде.»;

2, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар (оған ауыртпалықтар) Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар (осы құқықтар бойынша бербоут-чартер арқылы жалданған кемелерден басқа) осы құқықтарды шектеу (ауыртпалықтар), олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеуге жатады.

Кеменің Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар, осы құқықтарды шектеу (ауыртпалықтар) және аталған тізілімнен мұндай кемені алып тастау пайдасына тиісті шектеу (ауыртпалық) белгіленген тұлғаның жазбаша нысанында келісім беруі арқылы жүзеге асырылады.»;

«4. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде теңіз, жолаушылар, жүк-жолаушылар кемелері, мұнай құйып тасушы, сүйретіп жүзуші кемелер, қалқымалы бұрғылау құрылғылары, құрғақ жүк тасушы кемелер, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері (жер снарядтары және басқалар), сондай-ақ шағын өлшемді кемелерге жатпайтын кемелер тіркеледі.

5. Кеме кітаптарында шағын көлемді кемелер тіркеледі.

Орнатылмаған қозғалтқышты қоса алғанда, жүк көтеру шамасы 100 килограмға дейінгі шағын көлемді кемелер мемлекеттік тіркелуге жатпайды.»;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде жүктерді, жолаушыларды және олардың қолжүктерін халықаралық тасымалдары, сүйретіп жүзу үшін пайдаланылатын кемелер, соның ішінде бербоут-чартер бойынша пайдалануға берілген кемелер тіркеледі.

Егер кемелер шет мемлекеттердің кеме тізілімінде тіркелген болса Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеуге жатпайды және оларды Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу туралы өтініш берген уақытта жасы жиырма жылдан асатын жағдайда.»;

11) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«17-бап. Кеме тізіліміне енгізілетін мәліметтерді өзгерту

Кемелер тізіліміне енгізілуге тиісті мәліметтердің кез келген өзгерісі туралы кеме меншік иесі немесе оны бербоут-чартер бойынша кеме жалдаушы уәкілетті органға екі апта ішінде хабарлауға міндетті.»;

12) мынадай мазмұндағы 18-3, 18-4 және 18-5-баптармен толықтырылсын:

«18-3-бап. Кеме бербоут-чартер тізілімінен шығару  
Бербоут-чартер тізілімінен:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер салдарынан кеме сапасын жоғалтқан ;

4) осы Заңның 11-бабының 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған ;

5) Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына сәйкес Қазақстан Республикасы туын көтеріп жүзіп жүруге уақытша құқық беру туралы шешімнің уәкілетті органмен жоққа шығарылған кеме шығарылуға жатады.

18-4-бап. Кеме Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен шығару

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер салдарынан кеме сапасын жоғалтқан ;

4) осы Заңның 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған ;

5) Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына сәйкес Қазақстан Республикасы туын көтеріп жүзіп жүруге уақытша құқық беру туралы шешімнің уәкілетті органмен жоққа шығарылған;

6) Қазақстан Республикасы аумақтық сулар шегінде қызметін жүзеге асырған айғақ анықталған жағдайда кеме шығарылады.

18-5-бап. Хабарсыз жоғалып кеткен кеме

Қалыпты жағдайда кеме туралы соңғы хабарлама түскен, шыққан орыннан белгілі портқа дейін баратын қажетті мерзімнен екі есе асып кеткен мерзім ішінде ешбір хабар түспеген болса кеме хабарсыз жоғалып кеткен болып саналады. Хабарсыз жоғалып

кеткен кеме деп тану үшін қажет мерзім кеме туралы соңғы хабар алған күннен бастап, бір айдан кем болмауы керек, әскери іс-әрекет жағдайларында алты айдан кем болмауы керек . » ;

13) 20-бап алып тасталсын ;

14) 28-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кеме иесі өзінің кемелері ұшыраған авариялық жағдай туралы хабар алған уақыттан бастап жиырма төрт сағаттың ішінде авариялық жағдай туралы уәклеттік органға хабарлауға, сондай-ақ өзінің кемелері ұшыраған авариялық жағдайларын тергеу кезінде жәрдемдесуге міндетті.»;

15) мынадай мазмұндағы 28-1-бабымен толықтырылсын:

«28-1-бап. Теңіз көлігі мамандарын дайындау

1. Теңіз көлігі мамандарын даярлау (қайта даярлау) білім беру ұйымдарында осы Заңның 4-бабы 2-тармағының 15-1) тармақшасына сәйкес белгіленген сертификатталған уәкілетті ұйымдарда жүзеге асырылуы тиіс.

2. Білім беру ұйымдары теңіз көлігі мамандарын даярлау және қайта даярлау кезінде жүзу практикаларын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.»;

16) 31-баптың 1-тармағының 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) кеме иесіне авариялық жағдай туралы хабарлауға және Кемелер ұшыраған авариялық жағдайларды тергеу қағидасына сәйкес кеме не оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен кейін:

бір тәулік ішінде уәкілетті органға авариялық жағдай туралы мәлімдеме мен техникалық акт ;

үш тәулік ішінде уәкілетті органға авариялық жағдай туралы егжей-тегжейлі хабарламаны, кеме құжаттарынан үзінді-көшірмелерді, қатысы бар адамдар мен куәлердің түсініктемелерін беруге міндетті.»;

17) 33-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Теңіз портының иесі тиісті мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын (көліктік, кеден, шекара, санитарлы-карантиндік, фитосанитарлық және басқа да) жүзеге асыруы үшін теңіз портына келетін кемелерге қол жетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.»;

18) 39 және 40-баптар алып тасталсын;

19) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Кемелерге бақылау және қадағалау жасау

1. Теңізге шығатын кемелерге бақылау және қадағалау жасауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган:

1) кеме құжаттарының болуын және олардың қолданылу мерзімдерін;

2) кеме менің негізгі сипаттамасының кеме құжаттарына сәйкестігін;

3) кеме экипажын жинақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.

2. Кеме құжаттары болмаған немесе кеме менің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын

қанағаттандырмайтынына жеткілікті негіздер болған жағдайда уәкілетті орган кемені тексеріп қарай алады.

3. Кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі жасайтын кемшіліктердің жойылғанын тексеру мақсатында уәкілетті орган кемені бақылап тексеруді жүргізуі мүмкін.

4. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) порттағы кемелерге, жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылатын актілер шығаруға, соның ішінде акваториядағы және порт каналының астыңғы рұқсат етілген өте аталатын шегін жариялауға;

2) порттың акваториясы шегінде апатқа ұшыраған адамдар мен кемелерді құтқаруға қатысуға порттағы кемелерді тартуға;

3) кемелерді міндетті лоцмандық алып өтуді белгілеуге;

4) кемені тексеруге;

5) теңіз портынан кемені шығаруға рұқсат беруге кедергі болатын олқылықтарды тексеру мақсатында кемені бақылау тексеруін жүргізуге;

6) осы Заңда көзделген жағдайларда кеменің портқа кіруі және шығуы туралы шешімді қабылдауға құқылы.

5. Уәкілетті орган:

1) теңізге шығатын кемелерді бақылау және қадағалауды жүзеге асыруға;

2) кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге, осы Заңда белгіленген жағдайларда кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат беруден бас тартуға;

3) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша хаттамалар толтыруға, іс жүргізуді жүзеге асыруға;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында батқан мүлікті көтеруге белгіленген мерзімдер туралы ақпаратты жариялауға.»;

20) 42 - баптағы:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әрбір кеме теңіз портынан шығуға дейін бұған уәкілетті органнан рұқсат алуға міндетті.»;

2 - тармақтағы:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган кеменің теңіз портынан шығуына мына жағдайларда:»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тиісті мемлекеттік органдардың (кедендік, шекаралық, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық және өзге де органдар) нұсқамаларының болуы;»;

21) 43-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті орган құтқару операцияларын жүзеге асыруға, кемелердің



соқтығысуына, порт имараттарының, су бассейндерінің, кеме жүзетін жолдар мен навигациялық жағдай құралдарының зақымдануына байланысты немесе өзге де зиян келтірілуіне байланысты туындаған талабы бар тұлғаның өтініші бойынша кемені кеме иесінің, жүк иесінің міндеттемелері қамтамасыз етілгенге дейін кідіртпін қоюы мүмкін.» ;

22) 45-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Акваториялары шектес теңіз порттарындағы кемелерді лоцмандық алып өту тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»; 23) 47-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«2. Кемелерді лоцмандық алып өту міндетті емес болып табылатын аудандарда у ә к і л е т т і о р г а н :

1) кеме немесе ол тасымалдап келе жатқан жүк теңіз ортасына зиян келтіруі мүмкін б о л ғ а н ;

2) кеменің корпусында, механизмдерінде немесе жабдықтарында порттағы теңізде жүзу қауіпсіздігіне едәуір ықпал жасауы мүмкін елеулі ақаулары болған жағдайларда кемелерді міндетті лоцмандық алып өтуді белгілеуге құқылы. Бұл жағдайда кеме капитанына уәкілетті орган оның кемесі міндетті лоцмандық алып өтуге еріп отыруға тиіс екендігі туралы х а б а р л а й д ы . » ;

24) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«50-бап. Суға батқан мүлікті оның меншік иесінің шығарып алуы

1. Суға батқан мүліктің меншік иесі мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде өзінің сол мүлікті шығарып алу ниеті бар екенін уәкілетті органға хабарлауға тиіс.

2. Уәкілетті орган суға батқан мүліктің меншік иесінің өтінішін алған күннен бастап үш ай ішінде суға батқан мүлікті шығарып алудың тәртібі мен мерзімін белгілейді. Суға батқан мүліктің меншік иесінің рұқсат алған кезден бастап бір жыл ішінде оны шығарып алуды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Егер суға батқан мүлік теңізде жүзу қауіпсіздігіне немесе теңізді ластау арқылы залал келтіру қатерін төндірсе, не судағы биологиялық ресурстар кәсіпшілігін жүзеге асыруға, порт қызметіне және порттағы жұмыстарға кедергі келтірсе, суға батқан мүліктің меншік иесі суға батқан мүлікті уәкілетті органның талабы бойынша және ол белгілеген ақылға қонымды мерзімде шығарып алуға, ал қажет болған жағдайда оны аластауға немесе жоюға міндетті.

4. Суға батқан мүлік иесі белгісіз болған жағдайда уәкілетті орган суға батқан мүлікті шығарып алу үшін белгіленген мерзімдер туралы бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімет жариялайды. Егер бұл орайда суға батқан кеменің туы белгілі болса, уәкілетті орган кеме тиесілі мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық тұлғасына тиісті х а б а р жібереді.

5. Суға батқан мүліктің меншік иесі мәлімдеме жасамаған немесе мүлікті осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес шығарып алмаған жағдайларда мұндай мүлікті

құрайтын заттар иесіз деп танылады.»;

2 5 ) 5 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«51-бап. Уәкілетті органның суға батқан мүлікті шығарып алуы, аластауы немесе жоюы» ;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті органның, егер:»;

2 6 ) 5 2 - б а п т а ғ ы :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«52-бап. Келтірілген шығындарды уәкілетті органның толық өтеттіру құқығы»;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Суға батқан мүлікті шығарып алу, аластау немесе жою осы Заңның 51-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылған жағдайда, шығарып алынған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін уәкілетті органның:»;

27) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының аумақтық суларында немесе ашық теңізде сауда мақсатында теңізде жүзуге байланысты операцияларды жүзеге асыру кезінде суға батып, кездейсоқ шығарып алынған мүлік Қазақстан Республикасының ең жақын теңіз портына өткізілуге тиіс. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында осындай мүлікке қатысты көзделген шараларды қолдануға міндетті.»;

28) 69-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«69-бап. Тасымалдау үшін жүк қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде уәкілетті органның шешімімен жүкті қабылдау уақытша тоқтатылуы немесе шектетілуі мүмкін, ол тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша тасымалдауға жүк қабылдауды уақытша тоқтатудың немесе шектеудің қолданылу мерзімін белгілейді.

2. Уәкілетті орган жүкті жөнелтушілерге жүкті тікелей аралас немесе тікелей теңіз қатынастарында тасымалдау және көліктің басқа түрлерін ұйымдастыру кезінде тасымалдау үшін жүк қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы дереу х а б а р л а й д ы . » ;

29) 217-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің тіркелген ипотекасымен қамтамасыз етілген талаптар қанағаттандырылмаған не барлық кепіл ұстаушылардың жазбаша келісімі болмаған жағдайда тіркеу органның, осы Заңның 219 және 220-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кемені Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығарып тастауға не жасалып жатқан кемеге меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы жасалып жатқан кемелердің тізілімінен алынған жазбаға өзгеріс енгізуге құқығы жоқ.»;

30) 220-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Суға батқан кемеңі мәжбүрлі сату жағдайында, теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету немесе теңіз ортасын ластанудан қорғау мақсатында, оның судан шығарылуын уәкілетті орган жүзеге асырады, суға батқан кемеңі судан шығаруға жұмсалған шығыстар, кемеге теңіздегі кепілмен қамтамасыз етілген кез келген талаптар қанағаттандырылғанға дейін, оның сатылуынан алынған сома есебінен төленеді.»

7. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат); 1) 1 - б а п т а :

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) автомобиль көлігі инфрақұрылымы - тасымалдардың үздіксіз процесін, сондай-ақ автокөлік құралдарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін құрылыстар кешені (автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, жүк терминалдары, автокөлік құралдарына техникалық қызмет ету және оларды жөндеу станциялары (шеберханалары), автокөлік құралдары сақталатын құрылыстар);

6) автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі - автокөлік құралы) автобустар, шағын автобустар, жеңіл және жүк автомобильдері, троллейбустар, автомобиль тіркемелері, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелер, сондай-ақ арнайы бейімделген автомобильдер (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнаулы автомобильдер (әртүрлі, көбінесе көлікке арналмаған жұмыстарды орындайтын) кіретін автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі;»;

мынадай мазмұндағы 30) және 31) тармақшалармен толықтырылсын:

«30) жолаушыларға қызмет көрсету пункті – жол құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін сатуға арналған кассалық пунктімен, автокөлік құралдарының қауіпсіз аялдама жасауы, жолаушыларды отырғызу, түсіру үшін арналған алаңмен және жолаушыларды түрлі табиғи жағдайлардан қорғау үшін имаратпен жабдықталған, автовокзал немесе автостанциялары жоқ елді мекендерде жолаушыларға қызмет көрсетуге арналған объект;

31) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы – метрологиялық тексеруден өткен, фото-, бейнетүсірілімді жүзеге асыратын, автоматты режимде жұмыс істейтін, автокөлік құралдарының түрін, маркасын, мемлекеттік тіркеу белгісін, салмағы және/немесе көлемі тұрғысынан өлшемдері мен қозғалыс жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау - өлшеу техникалық жабдығы.»;

2) 7-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Таксимен тасымалдауды жүзеге асыруға кемінде төрт есігі бар, сериялы шығарылатын жеңіл автомобильдерді пайдалануға жол беріледі.

Арнаулы, соның ішінде толығынан қолмен басқарылатын, рулі оң жақтан басқарылатын, сондай-ақ саны төрттен кем жанама есігі бар автокөлік құралдарын такси тасымалдары үшін пайдалануға тыйым салынады.»;

3 ) 13 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 6-1), 13-1) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) такси тасымалдаушыларының тізілімін жүргізеді;»;

«13-1) Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидасын б е к і т е д і ; » ;

«17-1) ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмысты жүргізеді;»;

4) 14-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) автовокзалдар, автостанциялар мен жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізілімін жү р г і з е д і ; » ;

5) 19-4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұруын көліктік бақылау Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарында, сондай-ақ арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуі кезінде жүзеге асырылады.»;

6 ) 19 - 5 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсаттың болуын;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп-тұруын көліктік бақылау көлік құралдарының нақты салмақ және көлем өлшемдерін тексеру және олардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген рұқсат етілген өлшемдерден асып түсу шамасын айқындау жолымен мыналарды:

1) өлшеу құралы мен көлем рамкаларын;

2) стационарлық үлгідегі салмақ өлшеу жабдығын немесе көшпелі ұтқыр таразыны;

3) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.»;

7 ) 19 - 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Автомобиль көлігіндегі шаруашылық субъектілерін тексеруді жүргізу кезінде уәкілетті органның лауазымды адамдары құрылтай құжаттарымен және мына;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) белгіленген маршруттар бойынша тұрақты жолаушы тасымалын жүзеге асыру үшін қажет (куәліктермен, қозғалыс кестелерімен, маршруттар сызбаларымен, автовокзалдармен, автостанциялармен және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерімен жасасқан шарттармен, паспорттармен, келісім-шарттармен);»;

мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) тахографтарды орнату және оларды күтіп ұстау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті;

6) тасымалдаушының тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған құжаттармен танысады.»;

3 - тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жолаушыларды және багажды тасымалдауды немесе автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерін жүзеге асыру кезінде Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасы талаптарының орындалуын;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын :

«4-1) тасымалдаушылардың, автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің ұлттық стандарттарға сәйкестігін;»;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасы талаптарының орындалуын;»;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) Автомобиль көлігімен жүктерді тиеу және түсіру пункттеріне қатысты тасымалдау қағидалары талаптарының орындалуын тексереді.»;

8) 19-7-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттеріндегі бақылау функцияларын, осы баптың бірінші бөлігінің 1), 2), 8), 9), 11), 14), 15), 20), 21) тармақшаларында көзделгендерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.»;

9) 19-11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«19-11-бап. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп-тұруына арналған арнайы рұқсаттарды беру тәртібі

1. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп-тұруына рұқсат беру құжатының - ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының

жүріп-тұруына берілген арнайы рұқсаттың (бұдан әрі - арнайы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады.

2. Арнайы рұқсатты уәкілетті орган немесе кеден органы жүру маршрутын белгілегеннен кейін және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп-тұруы үшін алым сомасы төленгеннен кейін береді.

3. Егер жүгі бар немесе жүксіз автокөлік құралы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдерінен көлемі, салмағы және (немесе) осьтік жүктемесі бойынша артық болса, тасымалдау арнайы рұқсат негізінде жүзеге асырылады.»;

10) 19-12-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) троллейбустер;»;

11) 20-баптың 1-тармағының 1) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен кез келген автобуспен, троллейбуспен және таксимен жол жүруге;»;

«9) егер ол тасымалдаушыны автобус жөнелтілгенге дейін үш сағаттан кешіктірмей хабардар етсе және тасымалдаушы, автовокзал, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункті жолаушының жол жүру құжатын (билетін) сатып алу фактісін растаса, жоғалған жол жүру құжатын (билетін) қалпына келтіруге;»;

12) 21-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жолаушылар мен багажды тұрақты қалааралық, облысаралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық), ауданішілік және халықаралық тасымалдау тасымалдаушылардың және автовокзалдар, автостанциялар немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункттері әкімшіліктерінің арасында жасалатын шарттар негізінде тек қана автовокзалдардан, автостанциялардан немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінен жүзеге асырылады.

Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің осы қызмет түріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсат берілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарт жасасудан бас тартуға құқығы жоқ.»;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері жол жүру құжаттарын (билеттерін) алдын ала және (немесе) электронды сатуды қамтамасыз етеді.

4-2. Жеке және заңды тұлғалар жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды, соның

ішінде жол жүру құжаттарын (билеттерін) алдын ала және (немесе) электронды сатуды жүзеге асыруға құқылы.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар автобустарды, троллейбустарды, шағын автобустарды рейс алдында (ауысым алдында) техникалық тексеруді және ақауы болған жағдайда оларды уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.»;

13) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

«21-1-бап. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметін ұйымдастыру

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметін мыналардың:

1) нормативтік құқықтық актілер және ұлттық стандарттармен белгіленген талаптарына сәйкестігі жағдайында автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің тізіліміне енгізу;

2) мемлекеттік-жеке әріптестік тетігін қолдану;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де тетіктерді пайдалану жолымен ұйымдастырады.

2. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметтері осы Заңның, Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының, ұлттық стандарттардың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.»;

1 4 ) 2 2 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде - автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің кассалары немесе автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың жүргізушілері (кондукторлары) арқылы жол құжаттарын (билеттер) және багаж түбіртектерін сатуды қамтамасыз етуге;»;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) ұлттық стандарттарды сақтауға міндетті.»;

1 5 ) 2 3 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесі, типі (класы) және саны;»;

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың белгіленген қозғалыс кестесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.»;

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«1) тасымал үшін автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың шартта көзделген санын және типін (класын) пайдалануға;»;

16) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«26-бап. Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру

1. Дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастау алдында «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметтің басталғаны туралы хабарламаны уәкілетті органға жіберуге міндетті.

2. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға (бұдан әрі - таксимен тасымалдаушы) жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде:

1) Автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау қағидасына сәйкес жолаушыларды және багажды тасымалдау үшін бірыңғай түсті гаммасы және айырым белгілері бар таксилерді пайдалануға;

2) әрбір автокөлік құралы үшін таксометрдің немесе бақылау-кассалық аппаратының болуын қамтамасыз етуге;

3) автокөлік құралдарының рейс алдында техникалық байқаудан және такси жүргізушілерінің рейс алдында (ауысым алдында) медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз етуге;

4) диспетчерлік қызметтің немесе диспетчерлік қызмет көрсету шартының болуын қамтамасыз етуге;

5) таксидің ақауы болған жағдайда, оны уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге;

б) такси салонында такси қызметінің құны (бағасы) туралы ақпаратты орналастыруға;

7) отыз немесе одан да көп такси болған кезде, әрбір отыз таксиге шаққанда арнайы жылжу құралын пайдаланатын мүгедектерді тасымалдау үшін бейімделген кем дегенде бір такси болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Таксимен тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқарады.

3. Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының мынадай:

1) таксилердің тұрағы, жолаушыларды отырғызу мен түсіру үшін таксилердің арнайы жабдықталған тұрақтарын пайдалануға;

2) жол жүрісі қағидаларының талаптарын сақтай отырып, жол желісінің кез келген учаскелерінде жолаушыларды отырғызуға және түсіруге;



3) жергілікті атқарушы органдарға арнайы жабдықталған такси тұрақтарын ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар ұсынуға құқығы бар.

Таксимен тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтары бар.

4. Диспетчерлік қызмет такси тасымалдаушыларының тізіліміне енгізілген такси тасымалдаушыларымен диспетчерлік қызмет көрсету жөніндегі шарт жасасады.

5. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен келісілген жоспарларға және кестелерге сәйкес әуежайларда, вокзалдарда, сауда үйлерінде және нарықтарда, мәдени-демалыс объектілерінде (театрлар, цирктер, кинотеатрлар, мәдениет және демалыс парктері), сондай-ақ алаңдарда, даңғылдарда, көшелерде, кварталдарда, тұйықтарда такси тұрақтарын ұйымдастыруды және олардың жабдықталуын қамтамасыз етеді.

6. Таксимен жолаушыларды және багажды тасымалдау қызметі осы Заңның, Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының, ұлттық стандарттардың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.» ;

17) 27-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) автобуска, троллейбуска, таксиге кезексіз отыру құқығы;»;

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) автобустың, троллейбустың алдыңғы бөлігінен арнайы орын алу.»;

18) мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

«27-1-бап. Мүгедектерге арналған автомобиль көлігі саласындағы

қызметтерге қолжетімділік

Автомобиль көлігі саласындағы қызметтерге мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мыналар көзделеді:

вокзал маңындағы аумақтардағы автотұрақтарда мүгедектердің автокөлік құралдарын тұраққа қою үшін арнайы жол белгілері орнатылған орындардың бөлінуі;

мүгедектерге аралған кресло-коляскаларда адамдардың қозғалуы үшін ғимараттарды, ғимаратқа кіреберістерді, сатыларды, автовокзал ғимаратының ішіндегі қозғалыс жолдарын, автостанцияларды және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін бейімдеу ;

Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есту және көру жөніндегі мүгедектерге арналған қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылар және байланыс құралдарымен жабдықтау ;

тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедектерге және халықтың шағын мобильді топтарына қызмет көрсетуге арналған кезекші мүгедектік кресло-колясканың болуы; күту залдарында мүгедектерге арналған арнайы орындарды бөлу, олар мүгедектерге

аралған кресло-коляскаларда қозғалатын адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып,  
ж а б д ы қ т а л у ы т и і с ;

қоғамдық дәретханаларды мүгедектік кресло-коляскаларда қозғалатын адамдарға  
арналған кабиналармен жабдықтау;  
мүгедектерге қызмет көрсету үшін мамандандырылған билет кассаларын  
жа б д ы қ т а у . » ;

1 9 ) 2 9 - б а п т а :

2) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды  
ұйымдастыру және жүзеге асыру, жолаушыларды және багажды автомобильмен  
тұрақты тасымалдау маршруттарының ашылу және жабылу тәртібі, тасымалдардың  
көрсетілген түрлерін орындау үшін пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың  
, шағын автобустардың санитарлық жай-күйіне, сыртқы безендірілуіне және  
жабдықталуына қойылатын талаптар;»;

«5) автовокзалдарға, автостанцияларға, жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне  
қойылатын талаптар, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тәртібі;»;

мынадай мазмұндағы 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшалармен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«13) жол жүру құжаттарын (билеттерін) алдын ала және электронды сатуды  
ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;

14) автовокзалдардың, автостанциялардың, жолаушыларға қызмет көрсету  
пункттерінің қызметтеріне қойылатын талаптар;

15) диспетчерлік такси қызметіне қойылатын талаптар;

16) тасымалдаушылар (таксиді қоса алғанда) қызметіне қойылатын талаптар;

17) жергілікті атқарушы органдарға арнайы жабдықталған такси тұрақтарын  
ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар ұсыну тәртібі;

18) такси тұрақтарын ұйымдастыру және жабдықтау жоспары мен сызбасын  
құрастыру және келісу тәртібі айқындалады.»;

20) 32-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Жүктерді автомобильмен тасымалдау қызметі осы Заңның, Автомобиль  
көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасының және Қазақстан Республикасының өзге де  
нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.»;

21) 38-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«38-бап. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен  
т а с ы м а л д а у

1. Автокөлік құралының көлемін және салмағын ескере отырып, автомобиль  
жолдарымен жүру үшін автокөлік құралдарына Қазақстан Республикасының  
аумағында белгіленген рұқсат етілген көлем және салмақ өлшемдерінен асатын жүктер  
ірі көлемді және ауыр салмақты жүктер деп танылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдауға арнайы рұқсат болған кезде жол беріледі.

3. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

22) 42-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес, соның ішінде Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану қағидасымен белгіленген тәртіппен, шетел рұқсат бланкілерін автоматты үлестіру жүйесін қолдана отырып, уәкілетті орган шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруге рұқсаттарды және Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсаттарды береді.»;

23) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«44-бап. Шет мемлекет аумағында тіркелген автокөлік құралдарын пайдаланып, жолаушыларды, багажды, жүктерді автомобильмен тасымалдау

Шет мемлекет аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, багажды, жүкті тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызметке тыйым салынады.».

8. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:  
«Осы Заң кеме қатынасын, жолаушыларды, багажды және жүк тасымалдауды жүзеге асыру, шағын өлшемді кемелерді, оның ішінде ішкі су жолдарына және теңіз суларына жатпайтын су қоймаларында пайдалану кезінде ішкі су көлігі саласында мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.»;

2) 1 - б а п т а :

6-1), 14), 15) және 45) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:  
«6-1) жалға алынған шетелдік кемелер тізілімі - осы Заңның 24-бабының 11-тармағында және 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік кемелер тіркелетін құжат;»;

«14) кеме кітабы – шағын өлшемді кемелер және оларға құқықтар тіркелетін құжат;

15) кеме қатынасы – шағын көлемді кемелерді пайдалана отырып атқарылатын қызметті қоспағанда, жүктерді, жолаушылар мен олардың багаждарын, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, тіркеп сүйреу, пайдалы қазбаларды іздеу, барлау және өндіру, балық аулау және өзге де кәсіпшілік, құрылыс, жол, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстар, лоцмандық алып өту, құтқару операциялары, су объектілерін қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, суға батқан мүлікті көтеру, санитарлық және басқа да бақылау және қадағалау, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет»;»;

«45) шағын көлемді кеме – ұзындығы 20 метрден аспайтын, борттағы шекті адамдар саны 12 адамнан аспайтын, балық аулау, жүкті тасымалдау, тіркеп сүйреу, пайдалы қазбаларды іздеу, барлау және өндіру, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстар, лоцмандық және мұз жарғыштық алып өту, сондай-ақ су объектілерін ластану мен қоқыстанудан сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін салынған немесе жабдықталған кемелерден басқа кеме.»;

3) 3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1 . О с ы З а ң :

1 ) к е м е л е р д е ;

2) ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық құрылыстарда;

3) ішкі су жолдарында орналасқан порттарда;

4) ішкі су жолдарына және ішкі теңіз суларына жатпайтын ішкі су жолдарында және қоймаларында пайдаланылатын шағын көлемді кемелерде қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.»;

4) 8-бап мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

«28-1) Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерін) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидасын бекіту»;»;

5 ) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 26-1) және 26-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«26-1) кеме экипажы командалық құрамының адамдары үшін дипломның үлгісін б е к і т у ;

26-2) Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидасын бекіту»;»;

2 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кемелердің, салдардың және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзбелі объектілер мен құрылыстардың олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап-тексеруді жүргізу;

2) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме

кітабын және жалға алынған шетел кемелерінің тізілімін жүргізу;»;

6 ) 17 - б а п т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі су көлігін, оның ішінде шағын көлемді флотты пайдалану қауіпсіздігін бақылауды және қадағалауды аумақтық бөлімшелері:»;

9 ) т а р м а қ ш а д а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«3,5x4,5 сантиметр өлшеміндегі екі фотосурет табыс еткен адамдар жіберіледі.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Диплом беруді жүргізу туралы өтінішті аумақтық бөлімше күнтізбелік отыз күн і ш і н д е қ а р а й д ы . » ;

7 ) 17 - 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«17-1-бап. Аумақтық бөлімшелердің кемелерді қарап шығуды жү р г і з у і » ;

2 - т а р м а қ т а :

4 ) т а р м а қ ш а д а :

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«магниттік компас девиациясының кестесі (кеме жүргізу компас көмегімен жүзеге асырылатын ішкі су жолдарында);»;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

радиолокациялық станцияның көлеңкелі секторларының сызбасы (радиолокациялық станциясы бар кемеде);»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының, кеме атауының (нөмірінің) және борттардағы тіркеу нөмірлерінің, корпустағы жүк маркасының болуы мен ж а й - к ү й і ; » ;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) жарықтық және дыбыстық белгі берудің болуы мен іс-әрекеті;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) экипаждың штаттық кестеге және кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарға сәйкес жасақталуы;»;

мынадай редакциядағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Өздігінен жүзбейтін (өздігінен қозғалуына арналған механикалық қондырғылары жоқ) кемелерді қарап шығу кезінде мыналар:

1) осы Заңның 23-бабында көрсетілген кеме құжаттары (болуы, қолданылу мерзімі, о л а р д ы жү р г і з у т ә р т і б і ) ;

2) кеме атауының (нөмірінің) және борттардағы тіркеу нөмірлерінің, корпустағы жүк м а р к а с ы н ы ң б о л у ы ;

3) кеменің (құрамның) жүзу ауданының разряды мен жағдайына, құрамдарды қалыптастырудың және жолдар габариттерінің үлгілік сызбаларына сәйкестігі;

4) жолаушылар сыйымдылығы және жүк көтергіштігі, борттың су бетіндегі биіктігі (жүк маркасы бойынша) нормаларының сақталуы;

5) Кеме қатынасы тіркелімі қағидасына сәйкестігі;

б) ағымдағы навигацияда аумақтық бөлімшелер қызметкерлері ұйғарымдарының орындалуы тексерілуге жатады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қарап шығу нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің қызметкері кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін, қарау күнін көрсете отырып акт жасайды. Егер ішкі су көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық айқындалса, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкері анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып ұйғарым шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және жүзу қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларда, аумақтық бөлімшенің қызметкері кеменің (құрамның) қозғалысына тыйым салу туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде кеменің капитаны к е м е и е с і н е х а б а р л а й д ы .

Қарап шығу актісі және ұйғарым екі данада жасалады және оған аумақтық бөлімшенің қызметкері мен капитан (немесе капитанның аға көмекшісі) қол қояды. Капитан (капитанның аға көмекшісі) қол қоюдан бас тартқан жағдайда, актіде немесе ұйғарымда бас тартудың мәлімделген себептері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Актінің және ұйғарымның бірінші данасы кемеді, екіншісі - аумақтық бөлімшеде к е м е і с і н д е с а қ т а л а д ы .

Аумақтық бөлімшенің кемені қарап шығуды жүргізген қызметкерлері кемені қарап шығу жөніндегі актідегі жазбалардың дұрыстығына жауапты болады.»;

8 ) 2 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік кеме тізілімінде және жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемеді кеме атауының, тіркелімге алынған пунктінің, тіркеу нөмірінің, шақыру сигналының және кеменің техникалық жарақтандырылуына қарай кемедегі жерсеріктік байланыс станциясының бірдейлендіру нөмірі мен кеме станциясын іздеп шақыру нөмірінің болуы міндетті.

Шағын көлемді кеме Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына сәйкес екі бортта тіркеу нөмірін алып ж ү р у г е м і н д е т т і . » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кеменің тіркеу нөмірін Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына сәйкес аумақтық бөлімше береді.»;

9 ) 2 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде, оларды беру және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мынадай кеме құжаттары болуға тиіс:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кемең Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайтын кеме куәлігі (Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелуге жататын кемелер үшін);»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік (өздігінен жүзетін кемелер үшін) . » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Ішкі су жолдарында және өзге де су қоймаларында пайдаланылатын шағын көлемді кемеде мынадай құжаттар:

1) кемең жүзуге жарамдылығына жыл сайынғы техникалық куәландырудан өткендігі туралы белгісі бар кеме билеті;

2) шағын көлемді кемеде мүлік иесі болмаған жағдайда кеме иесінің жеке куәлігінің көшірмесімен шағын көлемді кемеңі басқару құқығына мүлік иесінен сенімхаты болу керек . » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге байланысты жүзуді жүзеге асыратын кемеде, осы баптың 1-тармағында көзделген құжаттардан басқа, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болуға тиіс.»;

1 0 ) 2 4 - б а п т а :

6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Кемеңі жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу кезінде аумақтық бөлімше шетелдік кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімде көрсетілген мерзімге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік береді.»;

1 1 ) 2 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кемеге немесе кемеңің бір бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап туындайды және аумақтық бөлімше берген кеме куәлігімен расталады.

Кеме куәлігін жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше кемеңің меншік иесінің

өтініші бойынша оған аталған құжаттың телнұсқасын береді. Кеме куәлігінің телнұсқасын беру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Шағын көлемді кемеге немесе шағын көлемді кеменің бір бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты кеме кітабында мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап туындайды және аумақтық бөлімше берген кеме билетімен расталады.

Кеме билетін жоғалтқан жағдайда, аумақтық бөлімше шағын көлемді кеменің меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған құжаттың телнұсқасын береді. Кемеге кеме билетінің телнұсқасын беру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.» ;

5 - тармақ алып тасталсын ;  
1 2 ) 2 6 - бапта :

4-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Егер оқиғаға ұшырау нәтижесінде немесе басқа бір себеппен кеме бұрын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалса, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемені мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.»;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай құю, тіркеп сүйрегіш кемелер, құрғақ жүктер, жүзбелі крандар және техникалық флот кемелері (жер снарядтары және басқалары), сондай-ақ шағын көлемді кемеге жатпайтын кемелер тіркеледі.

6. Шағын көлемді кемелер кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жатады. Мемлекеттік тіркелімге жүк көтергіштік шамасы 100 килограмға дейін жететін, орнатылған қозғалтқышы жоқ, шағын өлшемді кемелер жатпайды.»;

1 3 ) 2 8 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш нысаны Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.

Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар :

1) осы Заңның 27-бабына сәйкес кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу негізі болып табылатын құқық белгілеуші және өзге де құжаттар;

2 ) с ы н ы п т а у к у ә л і г і ;

3) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алымдар сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кемені жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу үшін кемені жалға алушының кемені мемлекеттік тіркеу туралы өтінішіне, осы баптың 1-



тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, қосымша мынадай құжаттар:»;

14) 29-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару үшін кеменің меншік иесі аумақтық бөлімшеге өтініш пен мұндай шығаруға негіз болып табылатын мән-жайларды растайтын құжаттарды беруге міндетті  
» ;

15) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«31-бап. Кемені тұтқындау және мәжбүрлеп сату

Егер сот кемені тұтқынға алу түрінде талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым қабылдаған немесе кеме атқарушылық іс жүргізу тәртібімен сатылған болса, аумақтық бөлімше Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына тиісті жазба енгізеді. Бұл ретте, аумақтық бөлімше кеменің меншік иесін кемеге қатысты талапты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданғаны немесе кемеден мұндай шаралар алып тасталғаны туралы хабардар етуге тиіс.»;

16) 32-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«32-1-бап. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Кеменің ипотекасын аумақтық бөлімше сол кеме тіркелген тізілімге тіркейді.

2. Осы Заңның 24-бабының 7 және 11-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген шетелдік кеменің ипотекасын Қазақстан Республикасында тіркеуге болмайды.

3. Кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

4. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының  
Ү к і м е т і м е н белгіленеді.

5. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берумен куәландырылады.

6. Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.»;

17) 32-2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шағын көлемді кеменің ипотекасын уәкілетті орган сол шағын көлемді кеме тіркелген кеме кітабына тіркейді.»;

18) 36-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кеме экипажының мүшесіне немесе жолаушыға кеме жүзуде жүрген уақытта көрсетілуі мүмкін емес шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда - кеменің меншік иесін және (немесе) кеме иесін, аумақтық бөлімшені, ал кеме шетелдік портқа кірген кезде Қазақстан Республикасының консулы мен кеме иесінің агентін де ( шетел портында мұндай агент болған кезде) хабардар ете отырып, ең жақын портқа к і р у г е ; » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тіркеп сүйретілетін объект зақымданған (бүлінген) жағдайда тіркеп сүйретушіден тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтуші немесе алушы айқындайтын тіркеп сүйретілетін объектіні жөндеу құны өндіріп алынады. Келіспеушіліктер туындаған кезде тіркеп сүйретілетін объектінің жөндеу құнын тәуелсіз сарапшы белгілеуі мүмкін.»;

4 - тармақ алып тасталсын;

20) 97-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын.

9. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97 - құжат ) :

1 ) 1 - б а п т а :

69) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«69) тұрақты рейс - авиакомпания белгілеген және жариялаған кестеге сәйкес орындалатын рейс;»;

мынадай мазмұндағы 88), 89) және 90) тармақшалармен толықтырылсын:

«88) іздестіру-құтқару жұмыстары – апатқа ұшыраған әуе кемелеріндегі жолаушылар мен экипаждарды іздестіру және құтқару, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде іздестіру мен адамдарға көмек көрсету мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені;

89) әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымының байланысын пайдалану қызметінің сертификаты – әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымының байланысын пайдалану қызметінің сертификаттық талаптарға сәйкестігін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжат ;

90) аэронавигациялық қызмет көрсету - әуе қозғалысына қызмет көрсетумен, радиотехникалық жабдықты және байланыс құралдарын пайдаланумен, ұшуларды метеорологиялық және іздестіру-құтқарушылық қамсыздандырумен, аэронавигациялық ақпарат берумен байланысты кешенді қызмет көрсету;»;

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) Сертификаттау және әуе қозғалысына қызмет көрсету және(немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымының байланысын пайдалану органының сертификатын беру қағидасын, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына және аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдығы мен байланысын пайдалану қызметтеріне қойылатын сертификаттық талаптарды бекітеді;»;

3) 14 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

17) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«17) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттауды және сертификат беруді, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлікті, авиациялық оқу орталығының сертификатын, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын, үлгі сертификатын, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығы сертификатын, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын, әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексерулерін ұйымдастыру жөніндегі сертификатты, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын, әуе қозғалысына қызмет көрсету және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымының байланысын пайдалану органының сертификатын беруді жүзеге асырады;»;

«23) шетел авиатасымалдаушыларының тұрақты ұшу кестесін, сондай-ақ Шетел авиатасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы тұрақты рейстерінің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;»;

38) тармақша алып тасталсын;

4) 16-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сертификаттауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау рәсіміне мыналар:

1) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның сертификаттық зерттеуді жүргізуі;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның сертификатты (куәлікті) беру туралы (беруден бас тарту туралы) шешімді қабылдауы кіреді.

Көрсетілген сертификаттық зерттеу жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қызметі мемлекеттік монополияға жатады және көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорын мен өтініш беруші арасында жасалатын шарт бойынша өтеулі негізде жүзеге асырылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорын және сертификаттық зерттеу жүргізетін оның инспекторлары қорытындыда көрсетілген мәліметтердің дәйектілігі үшін жауаптылықта болады.»;

5) 17-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) әуе трассаларынан және жергілікті әуе желілерінен тыс әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы ұшып өту кезінде әуе қозғалысын басқару органдары немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары жүзеге асырады.»;

6) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«20-бап. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет көрсетуді  
ұ с ы н у

1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылар үшін аэронавигациялық қызмет көрсету олардың мемлекеттік тиесілігіне, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, шарттардың (жария шарттардың) негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға ұсынылатын аэронавигациялық қызмет көрсету:

1) апатқа ұшырау жағдайындағы немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері, сондай-ақ борттағы авариялық жағдайға, материалдық бөлігінің істен шығуына немесе ақауына байланысты маршруттары өзгертілген әуе кемелері әуе кемесінің ұшып бара жатқан жері айқындалған кезден бастап;

2) әуе кемелері іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін;

3) әуе кемелері дүлей зілзалалар кезінде халыққа медициналық және (немесе) гуманитарлық көмек көрсету үшін;

4) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелері;

5) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін, корольдік тұлғаларды, шет мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшыларын тасымалдайтын әуе кемелері;

6) егер шарт ережелерінде әуе қозғалысына қызмет көрсету үшін ақы төлеуден босату көзделген болса, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес ұшуды орындаған жағдайларда өтеусіз жүзеге асырылады.

3. Ұсынылған аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін әуе кеңістігінің пайдаланушыларынан төлем өндіріп алуды аэронавигациялық ұйым жүзеге асырады. Аэронавигациялық қызмет көрсетуге кіретін қызмет көрсетуге қатысушы ұйымдармен құқықтық қатынасты реттеу шарттардың негізінде жүзеге асырылады.»;

7) мынадай мазмұндағы 35-1-баппен толықтырылсын:  
«35-1-бап. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарын және аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдығы мен байланысын пайдалану қызметін сертификаттау

1. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары және аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдығы мен байланысын пайдалану қызметі әуе қозғалысына қызмет көрсету органына және аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдығы мен байланысын пайдалану қызметіне қойылатын сертификаттық талаптарға сәйкес к е л у і т и і с .

Көрсетілген органдардың және қызметтің сәйкестігі әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық

ұйымның байланысын пайдалану қызметіне сертификат берумен расталады.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету органын және аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдығы мен байланысын пайдалану қызметін сертификаттауды осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органын және аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдығы мен байланысын пайдалану қызметін сертификаттау тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.

3. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымның байланысын пайдалану қызметі ұсынылатын сертификаттық талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымның байланысын пайдалану қызметінің сертификатын беруден бас тартылады.

4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және (немесе) радиотехникалық жабдықты және аэронавигациялық ұйымның байланысын пайдалану қызметіне берілген сертификатты мынадай жағдайларда :

1) әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және аэронавигациялық ұйымның радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымның байланысын пайдалану қызметі сертификаттық талаптарды сақтамаған жағдайда;

2) аэронавигациялық органның өзінің қарауындағы әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және радиотехникалық жабдық пен байланыс қызметіне қатысты өтініші бойынша бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтата тұрады.

5. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымның байланысын пайдалану қызметі әуе қозғалысына қызмет көрсету органы және (немесе) радиотехникалық жабдық пен аэронавигациялық ұйымның байланысын пайдалану қызметі сертификатының қолдану күші тоқтаған күннен бастап, алты ай ішінде анықталған бұзушылықтарды жоймаса, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тиісті сертификатты кері қайтарып алады.

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша, сертификаттық талаптардан уақытша ауытқуға, егер мұндай ауытқулар белгіленген ұшу қауіпсіздігінің деңгейіне балама деңгейді қамтамасыз ететін қосымша шаралар енгізумен өтелсе, жол беріледі.»;

8) 38-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен Қазақстан Республикасында пайдалануға арналған азаматтық әуе кемесінің Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) елді мекендегі шуылға қатысты

талаптарға сәйкестігін сертификаттап, шуыл бойынша сертификат береді, ол азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының сертификатына қосымша болып табылады.»;

9) 43 баптың 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сериялы шығаруға арналған жаңа конструкциядағы (жаңа үлгідегі) азаматтық әуе кемесінің Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ұшуға жарамдылығының нормаларына сәйкестігін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен сертификаттауға тиіс және ол зауыттық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарынан өткеннен кейін оның азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген үлгі сертификаты болуға тиіс.»;

«4. Азаматтық әуе кемесінің бекітілген үлгі конструкциясы (үлгілік конструкциясы) немесе оның ұшуға жарамдылығына әсер ететін пайдалану-техникалық құжаттамасы өзгерген жағдайда, әуе кемесінің бұл үлгісі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен үлгі сертификатына толықтыру алу үшін қосымша сертификатталуға жатады.»;

10) 44-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларына сәйкес осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның және (немесе) әуе кемелері пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымдардың қатысуымен жүргізеді.»;

11) 47 - бапта :

бесінші және жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

«Бекітілген үлгі конструкциясы жоқ әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынды және (немесе) әуе кемелері пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидасында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның инспекторлары жасайды.

Осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның әуе кемелерінің үлгілеріне тиісті рұқсаттары бар білікті персоналы болуға тиіс. Осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның инспекторлары азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісінде көрсетілген ақпараттың дәйектілігі үшін жауаптылықта болады.

Бекітілген үлгі конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы туралы актісін, осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін республикалық мемлекеттік кәсіпорынның инспекторлары және (немесе) әуе кемелері пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымдар жасайды.»;

12) 48-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Азаматтық әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдарды сертификаттауды осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

13) 54 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлауды, қайта даярлауды және оларды кәсіптік деңгейде ұстауды азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығы қамтамасыз етеді.

Авиациялық қауіпсіздік қызметінің мамандарын даярлау, қайта даярлау тек авиациялық қауіпсіздік бойынша Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) оқу орталықтарында немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган сертификаттаған авиациялық оқу орталықтарында жүргізіледі.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының қызметін сертификаттауды осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.» ;

14) 57-баптың 5-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тиісті авиациялық қауіпсіздік қызметтері болмаған кезде жолаушыларды, қол жүгін, багажды және жүкті ұшу алдында қарап тексеруге;»;

15) 60 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Пайдаланушының сертификатын және (немесе) авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікті алу үшін өтініш беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген

республикалық мемлекеттік кәсіпорынға Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және сертификат беру қағидасына және (немесе) Пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға жіберу қағидасына сәйкес тізбе бойынша сертификаттау талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттармен бірге белгіленген нысанда өтінім жібереді.» ;

екінші бөлік алып тасталсын ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

«2. Пайдаланушының сертификатында және (немесе) авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікте белгіленген пайдалану талаптары мен шектеулерді пайдаланушының бұзуына тыйым салынады. Бір әуе кеменің екі немесе одан да көп пайдаланушылардың сертификатына бір уақытта енгізілуіне жол берілмейді.» ;

16) 61-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

«1. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограмнан кем болатын ұшақтарды, сертификатталған ең жоғары ұшу массасына қарамастан тікұшақтарды, сондай-ақ ұшу аппараттары мен қосымша құрылғыларды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға жіберу үшін мынадай шарттарды сақтау : » ;

17) мынадай мазмұндағы 65-1-баппен толықтырылсын :

« 6 5 - 1 - б а п . А э р о в о к з а л

1. Ішкі рейстерге қызмет көрсетуге арналған аэровокзалдарда авиакассалары, тіркеу тіреулері, тіркеу, күту, ұшу және ұшып келу залдары, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, соның ішінде мүгедектер және халықтың шағын мобильді топтары үшін арнайы жабдықталған, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсететін объектілер, медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті қорғау пункті, табу бюросы болуы тиіс.

2. Халықаралық рейстерге қызмет көрсетуге арналған аэровокзалдарда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу қағидаларының талаптарына сәйкес қосымша объектілер мен үй-жайлар болуы тиіс.

3. Аэровокзалдар халық авиарейстердің ұшу және ұшып келу уақыттары, авиабилеттердің құны және олардың болуы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітапшасының тұрған орны, авиакассалардың жұмыс режимі, үй-жайлардың орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Ақпаратты ұсыну тілді, мәтінді, Брайл әліппесін, тактиль араласуын, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектер үшін де қамтамасыз етіледі.

4. Өтулер және шығулар мүгедектер мен халықтың шағын мобильді топтары үшін қолжетімді болуы (пандустармен, мамандандырылған лифтілермен жабдықталуы) тиіс.

5. Халыққа қызмет көрсетуге арналған аэровокзалдар жарамды техникалық



6. Аэровокзалдарда қызметті жүзеге асыратын адамдар жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларға қажетті жағдайлар жасауға, мәдениетті қызмет көрсетуге, барлық адамдармен сөйлескенде сыпайы және ұстамды болуға, олардан бір мезгілде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтауды талап етуге тиіс.

7. Аэровокзалдар тасымалдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс.»;

18) 66-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Азаматтық авиация саласында пайдаланылатын әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) сертификаттау тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен а й қ ы н д а л а д ы .

Азаматтық авиация саласында пайдаланылатын әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) сертификаттауды осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қатысуымен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

19) 70-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Шет мемлекеттердің мемлекеттік және эксперименттік әуе кемелерінің халықаралық ұшулары, сондай-ақ шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарағын және әскери техникасын тасымалдауға арналған әуе кемелерінің халықаралық ұшулары үшін ашылған әуежайларды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

20) 80-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) белгіленген кестеге сәйкес ұдайы әуе тасымалдарын қамтамасыз ету үшін авиакомпанияда болжамды кірісті ескермегенде бір ай ішінде қажетті қаржы қаражатының азаймайтын резервінің болуы авиамаршрутты пайдаланудың талаптары д е п т ү с і н і л е д і . » ;

21) 86-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1. Тасымалдаушының кінәсінен рейсті болдырмаған немесе кеш келуі кезінде немесе әуе кемесінің кеш келуі салдарынан рейс кешіккен, орындалмаған, тасымалдау маршруты өзгерген кезде тасымалдаушы жолаушылар үшін жөнелту пункттерінде және аралық пункттерде мынадай қызметтерді ұйымдастыруы тиіс.»;

22) 88-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ұшу уақытында ұялы байланыс қызметін пайдалануға тыйым салынады.»;

23) 98-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Азаматтық авиацияның әуе кемелерінің іздестіру-құтқару кезекшілігін қамтамасыз ету аэронавигациялық қызмет үшін алымдар есебінен жүзеге асырылады.»;

2 4 ) 1 0 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Әуежайлар мен авиакомпаниялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік қару және оған оқ-дәрілерді сатып алуға, сақтауға және пайдалануға құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Егер әуе көлігі заңсыз араласу актісіне ұшыраса, әуе көлігінің командирі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілеген Авиациялық қауіпсіздік қағидаларына сәйкес егер әуе кемесінің бортындағы жағдай өзгені талап етпесе, қолайлы әуеайлақта қысқа мерзімде қонуға әрекет етуді жүзеге асырады.»;

25) 106-бап мынадай мазмұндағы 1-1- тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік қару және оған оқ-дәрілерді қолдануға, сақтауға және алып жүруге құқылы.».

10. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат):

көрсетілген Заңның қосымшасында:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2) және 12-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында;

12-2) ішкі су көлігі саласында;

12-3) көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында;»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында;».

11. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат):

114-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер өзгесі осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделмесе, жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания акцияларын төлеуге берілуі мүмкін. Сондай-ақ жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлікті иелену және (немесе) пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 59-бабы 1-тармағының және «Акционерлік қоғамдар туралы» және

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының қағидалары бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына немесе акционерлік қоғам акцияларын төлеуге мүліктік салым ретінде берілуі мүмкін.».

**2-бап.** Осы Заң 1-баптың 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК